

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 182 (9759)

1955 жылғы 13 сентябрь Сейсенбі

Шығуына 36 жыл, жеке саны 20 тыйын.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАР—МҮЛТІКСІЗ Орындалуға тиіс заң

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы еліміздің өнеркәсібін онан әрі өрлеудің шақтыны жолдарын белгілеп, шаруашылық және партия ұйымдарының назарын ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді сарқа пайдалану, шикізатты, материалдарды, отынды және электр қуатын көп үнемдеу, өндіріс орындарының тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру, барлық жерде еңбек өнімділігін арттыра беру, сөйтіп, осының негізінде өндірістік жоспарларды толық және артығымен орындауға жетісу мәселелеріне аударды.

Партиямыздың июль Пленумының қаулыларымен жігерленген өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері өнеркәсіптің барлық салаларын өркендету, демек, өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жолында жан-қиярлықпен еңбек етіп келеді. Өнеркәсіп еңбекшілерінің бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күресі партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарыспен ұштасты.

Бүкіл еліміздің өнеркәсіп қызметкерлерімен бірге біздің облысымыздың, оның ішінде Петропавл қаласының өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженер-техник қызметкерлері партиямыздың июль Пленумының тарихи қаулысын орындау жүресіне өз үлестерін қосуда. Петропавл қаласының өнеркәсіп орындары сегіз айлық өндірістік программаны 105,4 процент орындап шықты. Ал облыстың өнеркәсіп орындарының барлығы дерлік қалада орналасқаны мәлім.

Бірақтар өнеркәсіп орындары өндірістік жоспарларды орындауда елеулі табыстарға ие болды. А. И. Мижоин атындағы ет-консерві комбинаты (директоры Галныкин, партия ұйымының секретары Демьянова жолдастар) — өндірістік жос-

парды бұл кәсіпорны өндірістік жоспарын ай-дан айға орындай алмай келеді. Оның себебі: завод басшылары, директоры Сердюков жолдас цехтарды шикізатпен, қажетті материалдармен кезінде толық қамтамасыз етуге жете көңіл бөлмейді, өндірісті дұрыс ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру үшін қажетті шешуші шаралар қолданбайды. Міне, мұның ақыры заводтың өткен жеті ай бойы өндірістік жоспарды орындай алмауына әкеліп соқты. Рас, завод август айының өндірістік жоспарын толық орындап шықты. Бұл жағдай шағын двигательдер зауытының өндірістік жоспарды үнемі, айдан айға толық орындап отыруына мүмкіншілігі жеткілікті екенін дәлелдейді.

Мемлекеттік жоспар әрбір кәсіпорны үшін мұлткісіз орындауға тиіс заң. Ол — кәсіпорнының негізгі көрсеткіші. Олай болса, әрбір кәсіпорнының шаруашылық басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары негізгі көрсеткіш — өндірістік жоспардың ай сайын, апта сайын толық және артығымен орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл арада айырықша атап өтетін негізгі бір мәселе — өндірістік жоспарды өнімнің түр-түрі бойынша орындау. Бізде кейбір кәсіпорындардың басшылары өндірістік жоспардың жалпы көрсеткіш бойынша орындалғанына мән болып, өнімнің түр-түрінің жоспар бойынша толық өндірілуіне назар аудармайды. Рас, шойын құю-таразы зауыты өткен сегіз айлық өндірістік жоспарды толық орындап шықты. Бұл — игі нәтиже. Бірақ завод басшыларының өнімнің түр-түрі бойынша жоспардың толық орындалуын қамтамасыз ете алмағандығын айта кеткен жөн.

Өндірістік жоспардың үнемі толық орындалуының басты шарттарының бірі — жұмысты үнемі бірқалыпты, қарқынды ұйымдастыра білуде. Айдың ба-сында жайбарақаттыққа, сылбырлыққа салынып, айдың аяқ шенінде асығып-

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Герман Федеральдық Республикасы Үкмет делегацияларының арасындағы келіссөздер

10 сентябрьде, Москва уақытымен таңертеңгі сағат 10-да, Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Герман Федеральдық Республикасы Үкмет делегацияларының арасындағы екінші мәжіліс болды.

Совет делегациясының басшысы Н. А. Булганиннің ұсынысы бойынша, мәжілістерде екі делегацияның басшылары кезектесіп председателдік етеді. Бүгінгі мәжілісте Герман Федеральдық Республикасының Канцлері доктор К. Аденауэр председателдік етті.

Мәжілісте Совет Одағы мен Герман Федеральдық Республикасы арасында тікелей дипломатиялық және сауда қатынастарын, сонымен қатар мәдени қатынастар орнату туралы мәселе және екі жақ мүдделі болып отырған басқа мәселелер онан әрі талқыланды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары Н. П. Тарасовтың Герман Федеральдық Республикасының Федеральдық Канцлері доктор К. Аденауэрді қабылдауы

10 сентябрьде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Председателінің Орынбасары Н. П. Тарасов Герман Федеральдық Республикасының Федеральдық Канцлері доктор К. Аденауэрді қабылдады.

Доктор К. Аденауэрдің қасына ГФР Сыртқы істер министрі доктор Г. фон Брентано, Сыртқы істер министрлігінің статс-секретары доктор В. Халыштейн, Федеральдық Канцлер

Мәжілісте Совет делегациясының басшысы, ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мәлімдеме жасады. ГФР делегациясының басшысы, Канцлер К. Аденауэр және ГФР Сыртқы істер министрі Г. фон Брентано мәлімдемелерін жасады. Осыдан кейін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев және ССРО Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов сөз сөйледі. Бұдан соң ГФР Сыртқы істер министрлігінің статс-секретары В. Халыштейн мәлімдеме жасады.

Мәжілістің соңында делегациялар арасында жалпы мәселелер жөнінде пікірлер алысу аяқталды деп санау ұйғарылды. Екі елдің сыртқы істер министрлеріне арада болған пікірлер алысуы ескере отырып, нақты ұсыныстар әзірлеумен шұғылдануға тапсырма берілді.

Келіссөзінің статс-секретары доктор Г. Глобке, Сыртқы істер министрлігі протокол бөлімінің бастығы кіші елші доктор Э. П. Мор бірге еріп келді.

Н. П. Тарасовтың доктор К. Аденауэрмен әңгімесінде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Секретарының орынбасары А. Ф. Горкин болды.

(ТАСС).

Телеграмма: ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов жолдасқа, ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдасқа, ССРО Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов жолдасқа ВДР Президенті Хо Ши Миннен, ВДР Сыртқы істер министрі Фам Ван Донгтен (1-бет).

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Герман Федеральдық Республикасы Үкмет делегацияларының ара-

сындағы келіссөздер (1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ҚАРҚЫНЫ ШҰҒЫЛ АРТТЫРЫЛСЫН: Г. Царин. — Пункт алдындағы айғай-шу. Н. Асқаров. — Бір бригадала (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: В. Бойченко. — Совхоздарда партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын (2-бет).

Ж. Мусин. — Мектептер алдындағы зор міндет (2-бет).

АГРОНОМДАР МЕН ЗООТЕХНИКТЕР, КОЛХОЗДАРҒА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА БА-

РАЙЫҚ! И. Петухов. — Орным — колхозда (3-бет).

Қ. Зейнолов. — Достар хаты (3-бет).

Т. Құнанбаев. — Облыстық театрдың жұмысы мен мұқтажы жөнінде бірер сөз (3-бет).

С. Мұқанов. — Тыңның тулауы (романнан үзінді) (3-4-беттер).

СПОРТ: М. Ахметов. — 2:1 есебімен (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Гродно облысының колхоздары астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады

СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының астық пен басқа да ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі қарарын орындай отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолында социалистік жарысты өрістетіп, Гродно облысының колхозшылары, МТС қызметкерлері және ауыл шаруашылығының мамандары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Астық мемлекетке әлі де ташсырылып жатыр. Өздерінің мүмкіншіліктерін есептей отырып, облыстың колхоздары мемлекетке жоспардан тыс 570 мың пұт астық ташсыруды ұйғарды.

Көзірті уақытта колхоздар, МТС және совхоздар жаздық дақылдар жыйнауды аяқтауға жақын, күздің дақылдар егісін белсенділікпен өткізуде, 1956 жылғы жаздық егіске арналған тұқым құюда.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы қарарын орындай отырып, облыстың колхоздары мен совхоздары қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттырды. 1954 жылғы бірінші октябрьден 1955 жылғы 1 августқа дейінгі уақытта колхоздарда сүт 1953—1954 жылдардағы осы уақыттағыдан 31 процент артық сауылды.

Егін жыйнау, астық дайындау қарқыны шұғыл арттырылсын

★ БІР БРИГАДАДА ★

«Көктерек» колхозының (Совет ауданы) колхозшылары егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын күн сайын өрістеген қарқынмен жүргізіп келеді. Әсіресе Ж. Уәлиев жолдас басқарған егіс бригадасында колхозшылардың еңбегі ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл бригаданың қамтуында 4 комбайн агрегаты жұмыс істейді. Бригададағы колхозшылар агрегаттарды ойдағыдай қамтып, комбайншылардың социалистік жарыста алған міндеттемелерін толық және артығы-



МАЙБАЛЫҚ МТС-І БОЙЫНША

Комбайншы БУРЬЯН жолдас бір «Сталинец — 6» комбайнымен 410 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 18 гектар.
Комбайншы ВОДЯНОВ жолдас бір «Сталинец — 6» комбайнымен 184 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 26 гектар.
Комбайншы СОЛОНЕНКО жолдас бір «Сталинец — 6» комбайнымен 349 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 22 гектар.
Комбайншы ПАСТУШЕНКО жолдас бір «Сталинец — 6» комбайнымен 318 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 19 гектар.

КУИВЫШЕВ АТЫНДАҒЫ МТС БОЙЫНША

★ Облыс колхоздарында егін жыйнау және зябь жырту жұмыстарының барысы туралы ★

1955 ЖЫЛҒЫ 10 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ (Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	жүгеріден басқа дөңді дақылдарды	зябь жырту
----------	----------------------------------	------------

орындай желе жатқан кәсіпорындарының бірінен саналады. Мұнда өндірісті ұйымдастыруды жақсарту беру нәтижесінде барлық цехтардың дерлік өндірістік жұмысы бір-қалыпты, тиімділікті жүргізеді. Жекө цехтардың жұмыстарының тоқырауына жол берілмейді. Комбинатта өндірістік жұмыстарды механикаландыру мәселесіне үнемі зәте назар аударылып отырылады. Міне, осы шаралардың барлығы өзінің игі нәтижесін берді.

Электр өнеркәсіп министрлігінің Петропавлдағы заводы, былғары заводы, шойын құю-таразы заводы, «Комсомолка» тігін фабрикасы және басқалары өндірістік программалардың үнемі орындалуына қамтамасыз етіп келеді.

Қала бойынша өндірістік программалардың толық орындалуымен жекелеген кәсіпорындарының өзінің өндірістік жоспарларын орындай алмай отырғандығын ашық айтуымыз керек. Бұдан бұрынғы жылдары шағын двигателдер заводы алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың бірінен саналатын. Быйлы жылы

Облысымызда еңбек өнімділігін барған сайын арттырып, жоғары көрсеткішке ие болған еңбек озаттары аз емес. Мәселен, шойын құю-таразы заводының тоқарі А. Кузнецов көзірдің өзінде сегіз жылдың өндірістік жоспарын, ал тепло-воз депосының тоқарі И. Тихий он төрт жылдың өндірістік жоспарын орындады. Мұндай озаттар облыс кәсіпорындарында жүздеп саналады. Өнеркәсіп орындары шаруашылық басшыларының, партия, кәсіподақ ұйымдарының міндеті — ондай озаттардың тәжірибелерін кеңінен насихаттап, көпшіліктің игілігіне айналдыруға жетісу. Мұндай шара өндірістік жоспарларды ойдағыдай орындауға көмектеседі.

Әрбір кәсіпорны, цех, бригада мен смена бойынша өндірістік жоспарлардың үнемі және толық артығымен орындалуына жетісу, партиямыздың ХХ съезіне лайықты өндірістік тартулар өзіндік!

ТЕЛЕГРАММА

**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Президенті
К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдасқа
ССРО Министрлер Советінің
Президенті
Н. А. БУЛГАНИН жолдасқа
ССРО Сыртқы Істер Министрі
В. М. МОЛОТОВ жолдасқа**

Вьетнам Демократиялық Республикасының жарияланғанына 10 жыл толуымен байланысты бізге құттықтау телеграмма жіберген, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Президенті жолдас, Сізге, Министрлер Советінің Президенті жолдас, Сізге, Сыртқы Істер Министрі жолдас, Сізге, және бүкіл совет халқына біздің Вьетнам Демократиялық Республикасының халқы мен үкметі атынан шын жүректен алғыс айтуымызға рұқсат етіңіз.

Вьетнам халқының тәуелсіздік жолындағы күресі кезінде совет халқының оны қолдағаны үшін және соғыс жылдарында аса қазаға ұшыраған біздің экономикамыз бен мәдениетімізді қалпына келтіру және өркендету ісінде көзір оның шын пейілмен көрсетіп отырған көмегі үшін Вьетнам халқы совет халқына шексіз алғыс айтады. Бұл қалтқысыз және кең пейілді көмек Вьетнам халқын Женева келісімдерін батыл орындау жолындағы, бейбітшілікті нығайту, бірлікті жүзеге асыру жолындағы, бүкіл елдің тәуелсіздігі мен демократиясы жолындағы күреске жігерлендіруде.

Біз совет халқының, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің дана басшылығы арқасында коммунизм орнату ісінде және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау ісінде жаңа, зор жеңістерге жетуіне шын ниетпен тілектеспіз.

Сіздердің сау-сәлемет болуларыңызды шын жүректен тілейміз.

ВДР Президенті және Министрлер Советінің Президенті **ХО ШИ МИН.**

ВДР Сыртқы Істер Министрі **ФАМ ВАН ДОНГ.**

мен орындауларына көмектесуде. Мәселен, комбайншы П. Николаенко жолдас «С—6» комбайнымен күн сайын 30 гектар егін жыйнап жүр. Бұл, әрине, жалғыз Николаенко жолдасының ғана табысы емес, агрегатты қамтытып колхозшылардың да қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Бригадаға бекітіліп берілген егін учас-токтері мол өнім беруде. Астықтың түсімі жоғары болғандықтан егін жыйнауда жүрген комбайндардың бұшкері дөңге тез толады. Осыған қарамастан шофер И. Шип жолдас егін жыйнап жүрген төрт комбайнның бұшкерінен астық алуды үлгеріп жүр.

Қырманда астықты кептіру, тазарту және дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарында С. Мусаев, Е. Әйтқенов, Х. Қожақенов және Т. Әділжанов жолдас-тар үздік еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Олар механикаландырылған астық тазартқыштардың қуатын мейлінше тиімді пайдалана отырып, төрт комбайнмен бастырылған астықты күнбе-күн тазартады және дайындау пункттеріне жөнелтіп отырады.

Еңбектің ойдағыдай ұйымдастырылуы негізінде бригада мүшелері астық тапсыруда көрсеткі орын алуда. Соңғы үш-төрт күн ішінде тек осы бригада ғана дайындау пункттеріне 1100 центнер астық тапсырды. Сөйтіп, астық тапсыру жөнінде колхоздағы басқа бригадалардан озық шықты.

Н. АСҚАРОВ.

Қызу еңбек

Аманкелді атындағы колхоздың (Преснов ауданы) № 1 егіс бригадасында егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Әсіресе комбайншылар Қамитов және Талип жолдас-тар еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Қамитов жолдас көзірдің өзінде 360 гектар егін жыйнап, жанар, жағармайының 10 процентін үнемдеді. Оның зор табысқа жетуіне тракторшылар Дәулетбаев пен Қазину-ров жолдас-тар көп көмек көрсетті. Олар «ДТ—54» тракторын егін орағы бас-талғалы тоқтаусыз жүргізіп келеді.

Механизаторлардың қажыры еңбегінің нәтижесінде бригада бойынша мың гектарға жуық егін жыйналды. Колхоз-шылар бастырылған астықты дереу тазартып, кептіріп және дайындау пункттеріне жөнелтіп отыруды ұйым-шылдықпен жүргізіп келеді.

Бригада мүшелері партиямыздың ХХ съезі құрметіндегі социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетіп отырып, егін жыйнауды талаудағы күндерде аяқ-тап шығуды көздеп отыр.

Қ. ЕРТАЕВ.

мен 889 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 32 гектар. Комбайншы ГУНДЕР жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 484 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 18 гектар. Комбайншы ИЛЬЧЕНКО жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 425 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 17 гектар. **НИКОЛАЕВ МТС-1 БОЙЫНША** Комбайншы ПОКИДОВ жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 378 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 25 гектар. Комбайншы ЗАВАЛИХИНА жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 332 гектар егін жыйнады. Оның күнделік орта көрсеткіші 19,3 гектар.

Пункт алдындағы айғай-шу

Колхоз қырмандарынан астық әкелген машиналар Явленка «Заготзерно» пункт-тің алдындағы алаңға сыймай кетті. Пунктке кіре берістегі батпаққа батып қалған бір-екі машинадағы адамдардың да азабы аз болған жоқ.

—Ех, қожасымақтар-ай, пункт алдындағы алаңан аумағындай жердің шоғын да дұрыс ұстамаған соң, сендерден не жақсылық күтерің...— деп батып жатқан машиналардың бірінің шофері пункт басшыларына деген ашу-ызаға булығыш та жүр.

—Мен қашанғы тұра бермекмін, астықты қабылдайтын уақыт жетті ғой.

—Ал мен ше, келгеніме үш сағат болды.

—Мен сенен де бұрын келгем... деп лаборатория алдында топтасып, анализ қорытындысын күтіп тұрғандар да ауду егіседі.

—Шыдаңдар жігіттер, атаман боласыңдар,—деді оларға пункттің жасамыстау бір жұмысшысы қалжыңдап.

—Атаман болғың келсе өзің бол. Бізге астық тасу керек. Қай колхоздың қырманна барсаң да тау-төбе астық. Егер біз бар уақытымызды сендердің лаборанткаларының бетіне қарап тұрумен өткізсек, ол астықты кім тасыйды,—деді оған шоферлардың бірі.

—Бұған мені кінәламаңыз,—деп ол шоферға әлгі жасамыс адам жақынырақ келді.—Сіздің бұл жерде сарыла көп тұрғаныңызды мен де жек көремін. Осы пунктте астық қабылдайтын он қойма бар. Олардың алтауына ғана астық қабылданады. Бір қоймада «Главтотрактор-обьт» бөлімшесінің машиналарға деген қосалқы бөлшектері жатыр. Оны босату пункт директоры Стадниктің ойында да жоқ. Пункттегі бес кептіргіштің бірі де толық қуаттымен жұмыс істемейді. Астық тазартатын «ЗСП—104» сепараторы көптен бері сынып тұр. Қоймаға машиналар баратын подъездер де жоқ. Міне, сіздердің көп бөгелу себептеріңіз осы.

—Ал сіз осы пункттің адамсыз. Осыларды жыйналыста айттып тұрып, Стадник сыяқты салдыралақ басшыларды аямай көзге неге шұққымайсыз.—дейді оған колхоздан келгендердің бірі.

—Айттыл-ақ жүр ғой...—деп жасамыс адам қолын алға қарай көңілсіз бір сілттеп қойды. Тыңдаушылар оның бұл қыймылынан «бірақ, сөзімізге бас-

шыларымыз құлақ аспайды» дегенді ұғынды.

Осы кезде лабораториядан екі адам шыға берді. Олар Калинин атындағы колхоздан (Ленин ауданы) астық әкелген шоферлар Иван Кузнецов пен Иосиф Гречников екен. Екеуі де ашулы.

—Астықтың дымқылдығы жоғары, алмаймыз, қайта өрет дейді,—деді Иван Кузнецов машинаның шабиңасына отырып жатып көкесін дауыспен.—Осының алдында ғана әкелген астықтың дымқылдығы жоғары болмады. Оны алдыңдар. Сол екі арада қырманда қалған астық дымқылдана қалатындай не болыпты. Көзір жаңбыр жауып тұрған жоқ. Онда астық қабылдайтын орнымыз жоқ деп бұл шіркіндер шыңдықты айтса қайтеді.

Кузнецовтар әкелген астығын өткізе алмай колхоз қырманна қайта алып кете бергенде пункттің қақпасына іштен бір бос машина келе берді. Ол машина лабораторияның алдына келіп тоқтағанда топталып тұрғандардан біреу:

—Боля, неге осынша кешіктің,—деді.

—Қайта машинадағы астықтың екі-жарым сағат ішінде қотарылып болғанына қуаныштымын,—деді пункттен шыққан машинаның шоферы Николай Княдников.—Астық түсіруге колхоздан кісі алмай кетіп едім. Ал пункттің жұмысшылары «біз тек совхоздардан келген машиналарды ғана қотарамыз, пункт директорының бізге берген бұйрығы осындай» деп астығымды түсірмей қойды. Пункт басшыларымен әерілдегіп кісі алғанымша сол болды.

Пункт алдындағы машиналардың көп уақыт қарап тұруы да, шоферлардың әкелген астықтарын тез қабылдау жөнінде қойған талабы да «Заготзерно» басшыларын шыржыта қойған жоқ. Өйткені олар мұндай жағдайға өбден бой үйретіп болған. Сондықтан болуы керек, астықтың анализін алу, қабылданған астықты түсіру бұрынғысындай балау жүргізіле берді. Бұл тек бір күннің ғана фактісі емес. Алайда осы пунктте астық әкеліп жүрген шоферлар мен колхозшылар қабылдау жұмысын жақсартуды ғой деп пункт басшыларынан үміт жутулі. Бірақ олардың бұл үміті қашан орындалатындығы белгісіз.

Г. ЦАРИК.

Петропавл	68,5	32,8
Соколов	59,4	34,3
Мамлют	57,9	31,4
Ленин	57,0	35,9
Конюхов	56,6	30,9
Полудин	56,2	32,2
Октябрь	55,5	27,3
Приешім	53,4	26,8
Преснов	48,5	26,2
Булаев	47,1	29,3
Совет	38,7	19,3

Облыс совхоздарында егін жыйнау және зябь жырту жұмыстарының барысы туралы

1955 ЖЫЛҒЫ 10 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценти)

Совхоздар	егін жыйнау	зябь жырту
Черкасск	101,7	14,3
Петропавл	97,4	46,6
Тоқшын	95,0	9,0
Торанғұл	93,1	22,8
Мамлют	89,2	24,8
Ленин	85,5	5,1
Заря	82,1	33,5
Явленка	74,9	33,5
Аманкелді	71,0	13,2
Қарағанды	70,4	1,4
Шағлы	69,6	23,4
Ешім	67,0	5,7
Маленков атындағы	65,3	13,9
Қыялы	64,0	13,5
Октябрь	63,4	5,8
Преснов	60,1	23,8
Жданов	58,6	16,8
Булаев	57,1	16,7
Марьевка	55,1	21,2
Приешім	54,9	6,9
Буденный	54,7	7,3
Хрущев атындағы	52,3	8,8
Молодежный	51,0	24,4
Чистов	46,7	5,6
Москворецк	46,1	22,6
Ұзынкөл	44,9	10,3
Совет	43,8	12,0
Тимирязев	41,9	20,1
Дзержинский	41,7	15,0
Таман дивизиясы атындағы	39,7	19,8
Интернационал	39,6	11,3
Қызылскер	37,5	9,4
Степной	36,1	3,4
Возвышен	35,3	17,4
Жамбыл	32,6	12,1
Украин	14,8	—
Докучаев	13,9	—

П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

Совхоздарда партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

Көзір ауылшаруашылық жұмыстарының жауапты шеңбері егін жатыр. Дөңді дақылдардың егін жыйнау жұмысы кеңінен өрістеп, мемлекетке астық ташыру, тұқым құю, зяб жырту міндеттері жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстарды жедел ұйымдастырып, оны сапалы орындау совхоз басшылары мен партия ұйымдарының жауапты әрі ардақты міндеті болып саналады. Өмір тәжірибесі мынаны көрсетіп отыр: адамдармен жұмысты бұқаралық-саяси жұмысты мейлінше жақсы ұйымдастырмайынша шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешу қиын болады. Біздің облыстың совхоздарының бәрінің де мүмкіншіліктері бірдей, бірақ олардың жұмыс нәтижелері әртүрлі.

Мысалға Торангүл совхозын алайық. Мұнда дөңді дақылдар егісінің 76,4 проценті жыйналып, бастырылған, астық мемлекет қоймаларына күнбе-күн жөнелтілуде. Осы сыяқты өнім жыйналған өгістік алаңдарда зяб жырту жұмысы қызу ұйымдастырылып отыр. Совхоз директоры Сейтмолдин және партия ұйымының секретары Шевченко жолдастар техниканы әзірлеу, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, совхоз жұмысшыларының саяси және өндірістік белсенділіктерін көтеру жолында аз жұмыс істеген жоқ. Совхозда техниканы өнімді пайдалану жолдары жүзеге асырылып, механизаторлар арасындағы социалистік жарыс күннен-күнге қыза түсуде. Бұл табысқа қол жетуде совхоз еңбекшілері арасында жүргізіліп отырылған бұқаралық-саяси жұмыстың үлесі зор. Партиялық-саяси жұмыс Петропавл, Жадаев атындағы және басқа бірқатар совхоздарда да егін жыйнау және мемлекетке астық ташыру міндеттерін жүзеге асыру мақсатына бағытталған.

Дегенмен кейбір партия ұйымдарының секретарьлары бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру ісімен шұғылданбай, өздерінің қасиетті борыштарын ұмытып келеді. Жамбыл атындағы совхоз партия ұйымының секретары Атапов жолдас шаруашылық жұмыстарға «белсену» араласады. Ол тіпті шаруашылық қызметкерлердің міндетін атқарып, қосалқы бөлшектер мен материалдарды іздестіріп табу үшін көп уақытын жұмсайды. Ал бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру үшін уақыт ташпайды. Соңдықтан мұнда үгітшілер бригадаларға формальды түрде ғана белгіленген, олардың кеңестері мен семинарлары өшпейді. Бірқатар үгітшілер егін жыйнау маусымы басталғалы өз участоктерінде болып көрген емес, лекторлар тобының жұмысы тіпті сылбыр. Бригадаларда жауын-

түсіп отыр. Совхоз егін жыйнау мен мемлекетке астық ташыруда артта қалғандардың бірінен саналады.

Докучаев атындағы совхозда егін жыйнау мен мемлекетке астық ташыру жұмыстары бетімен жіберілген. Мұнда 10 сентябрьге дейін егіс жөлемінің небары 13,9 проценті ғана жыйналып, астық дайындау жаңада ғана басталған. Жұмыста орын алған кемшілікті дереу жою үшін саяси жұмысты кеңінен өрістетіп, жұмысшылар коллективін алда тұрған бұл қиындықтарды жою күресіне жұмылдыру қажет еді. Партия ұйымының секретары Мұқамедшин жолдас бұқарадан қол үзген. Ол бригадаларда аңталап болмайтын көрінеді. Егіншілердің мәдени қостарына газет, журналдар кезінде жеткізілмейді. Ондағы радиоқабылдағыштардың көпшілігі жұмыс істемейді, көрсеткіш тақталары толықтырылмайды. Бұл фактілерді Мұқамедшин жолдас байқамайтын сыяқты. Мұның себебі де бар. Ол соңғы кезде тұрмыста азып, совхоз еңбекшілері арасында беделін жойған. Быйыл Мұқамедшин өзінің семьясынан айрылып, екінші әйелге үйленген. Жуырда екінші әйелінен де айырылғаны мәлім болды. Әрине, коммунистік бейнесінен айырылып, жұрт алдындағы беделінен жұрдай болған, совхоздан кетудің ғана амал-айлаларын ойлап жүрген мұндай басшыдан қандай жұмыс күтуге болады?

Совхоз партия ұйымдарының жұмысындағы бұл және басқа кемшіліктер Октябрь аудандық партия комитетінің совхоз өмірін жете білмейтіндіктерін, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына талапты әлсіреткендіктерін дәлелдейді.

Күзгі маусымның басқа маусымдардан ерекшелігі зор, мұнда егін жыйнау, астық дайындау, тұқым қорын құю, зяб жырту, мал қыстату маусымына әзірлік, құрылыс жұмыстары сыяқты бірнеше маңызды жұмыстар бір мезгілде қатар жүргізіледі. Осындай әр салалы жұмыс басшы шаруашылық қызметкерлерінен шеберлікті, инициатива көрсетуді, ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыруды, ал партия ұйымдарынан партиялық-саяси жұмысты кең жөлемде және әсерлі жүргізуді, жұмысшылардың еңбектегі белсенділіктерін үнемі арттырып отыруды талап етеді.

Совхоз партия ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алу, мемлекетке астық ташыру жұмысын ойдағыдай орындау болып табылады. Егін жыйнауды тез аяқтаудың маңызы мұнымен бітпейді.

лім, егін жыйнауды ұзаққа созған жерлерде әдетте зяб жырту ісі кенже қалады. Өйткені адамдар мен техника күші негізінен егін жыйнауға болады.

Бұл міндетті ойдағыдай шешу үшін партиялық-саяси жұмысты мейлінше жақсарту керек. Кейбір партия ұйымдарының секретарьлары коммунистердің жұмыстан қолы тимейді деген сылтауды желеу етіп егін жыйнау кезінде партия жыйналыстарын өткізбейтін көрінеді. Мұндай теріс практика айыптау табуға тиіс. Егін жыйнау кезінде партия жыйналыстарын жиі өткізіп, коммунистерге істің жайың кезінде хабарлау арқылы, олардың белсенділіктерін арттырып отырған жөн. Бастауыш партия ұйымының секретарьлары үгітшілермен семинар, кеңестерді жиі өткізіп, олардың әңгімелеріне тікелей қатысу арқылы үгіт жұмысының мақсатты, әсерлі болуына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Сонымен қатар лекторлар топтарының, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар редакторларының жұмысын жақсарту ісіне ерекше назар аудару қажет. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды кенседе отырып емес, бригадаларда, комбайн агрегаттарында шығарып, совхоз жұмысшыларының көкейтесті мәселелерін жазу керек. Осы сыяқты бригадаларда кинокартиналар көрсету, радиоқабылдағыштар мен жылжымалы кітапханалардың жұмыс істеуін, газет, журналдардың болуын қамтамасыз ету партия ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірінен саналады. Егін даласында жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлері мен әдістері бір мақсатқа—егіншілердің социалистік жарысын кеңінен өрістетуге мақсатына арналған тиіс.

Партия ұйымдары егін жыйнау және мемлекетке астық ташыру жұмыстарында жүрген механизаторлар мен жұмысшылардың тұрмыстық қажетіне үнемі назар аударып отыру керек. Егіс бригадаларында көпшілік тамақтарын жақсы ұйымдастыру арқылы егіншілердің қос басында қона жатып жұмыс істеулеріне жетісу қажет.

Облыс совхоздарында алда тұрған міндетті ойдағыдай орындау үшін техника күші жеткілікті. Өңгіме сол бай техниканы тиімді пайдалануда, бұқараның еңбекке деген ынталарын үнемі арттырып отыруда болып отыр. Бұл міндетті шешуде бұқаралық-саяси жұмыстың ролі зор. Олай болса, партия ұйымдары бұл жұмыста орын алған кемшіліктерді дереу жойып, егіншілер арасындағы саяси үгітті нәрменді ұйымдастыруға тиіс.

Картоп жыйнау басталды

Киров атындағы колхоз (Петропавл ауданы) үстіміздегі жылдың көктемінде 81 гектар картопты шаршы-ұялап екті. Огород бригадасының мүшелері жаз айларында картопты күтіп-баптау жұмыстарын агротехикалық талаптарға сай жүргізді. Көзір пісіп жетілген участоктердің өнімі жыйнала бастады. Картоп жыйнау да жүрген колхозшылар күн сайын 1 гектар жердің картобын жыйнауда. Алғашқы жыйналған бес гектардың әрбір гектарынан 150 центнер өнім алынды.

Бұрнағы күні картоп жыйнауға Пушкин атындағы, Ворошилов атындағы колхоздардың оғород бригадаларындағы колхозшылар да кірісті. Бұл колхоздарда да әрбір гектардан алынған өнім өткен жылғыдан едәуір көп. Осы колхоздарды қамтытқан Асанов МТС-і быйыл картоп өнімін жыйнайтын арнаулы комбайндар алды. Мұндай комбайндар станция қамтуындағы колхоздарға бір-бірден келеді.

Д. ЯВОРСКИЙ.

Жолаушылар алғысы

Пресновка қонақүйі үлгілі қонақ үйлердің бірі болып табылады. Қонақүйдің бөлмелері әрқашан да таза, жарық ұсталады. Мұнда жолаушылардың тынығуына, жаңа газет, журналдар оқып, шахмат, дойбы ойнауына барлық мүмкіншілік жасалған. Ал қонақүйінің меңгерушісі Е. Румянцева жолдас жолаушыларды мәдениетті қамту үшін барлық жағдайларды туғызуға тырысып отырады. Сондықтан да «Шағымдар мен ұсыныстар жүйесі» аша қалсаңыз, өз ісін беріле ұйытқан бұл кішіпейіл адамға айтылған сан алуан алғыстарды оқыйсыз. Алғыс жазушылардың ішінде Украин совхозының жұмысшылары Бондаренко мен Горбачев, Свердловск қаласының шоферлары Жернаков пен Мұстафин, қазақтың Мемлекеттік университетінің студенті Бисақов пен заң ғылымдарының кандидаты Ким және басқалары бар. Олардың барлығы да қонақүйінің жұмысын жақсы жолға қойғаны үшін Румянцеваға алғыстар айтқан.

Б. НЫҒИМЕТОВ.

Нефедовтың әдісімен

№ 8 механикаландырылған околodka Петропавл жол дистанциясындағы таңдаулы околodkaлардың бірі. Околodka коллективі жол мастері Васильков жолдастың басқаруымен темір жол линияларының жөндеу және күнбе-күнгі күтім жұмыстарын үлгілі ұйымдастырып келеді.

Көзір околodkaның жол қараушылары темір жолды жоспарлы жөндеу жұмыстарын атақты жол қараушы Нефедовтың әдісі бойынша жүргізе бастады. Бұл әдіс

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде



МОСКВА. «Караваев» асыл тұқымды мал совхозындағы Костром тұқымды Мина атты сыйыр 1954 жылы январьда үш бұзау тапқан болатын. Туған уақытта бұзаулардың әрқайсысының салмағы 79 килограмнан болды.

СУРЕТТЕ: бұл үш бұзау көзір Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қойылған. (ТАСС-тың фотохроникасы).

Картоптан мол өнім алу тәжірибесі

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің өкілшілік корпусының лекция залында Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясының доценті, ауылшаруашылық ғылымның кандидаты Е. А. Зыкова картоп пен малазығындық тамыр жемістердің шығымдылығын арттырудың жолдары туралы деген тақырыпта эскурсияшыларға лекция оқыды.

Зыкова жолдас түйнек өнімін едәуір арттырып, сонымен қатар әдеттегі әдіспен отырғызылғандағыдан өнімді анағұрлым ерте жыйнауға мүмкіндік беретін картоп отырғызудың жаңа әдісі туралы айтты. Бұл әдіс академияның тәжірибе станциясында және Москва төңірегінде бірқатар совхоздарда бірнеше жыл бойына тексерілді. Ұзақ уақыт алдын-ала яровизациялаудан өткізілген картоп—май айында емес, апрельдің аяқ кезінде, егіс жұмыстарының нағыз басталған уақытында, жерді жырта бастау мүмкін болған кезде отырғызылды. Бұл кезде топырақ әлі салқын болатындықтан түйнектің көктеп өнуін жеделдету үшін олар 2—3 сантиметр тереңдікке отырғызылды.

Картоп көктеп өне бастасымен ол біртүрлі рет түптеліп, жашырақ-сабақтары топырақпен мүлде бастырылады. 5—6 күн өткеннен соң екінші рет түптеледі де жашырақ сабақтары тағы да толық көміледі. Осындай уақыттан кейін үшінші рет түптеу жұмыстары жүргізілді.

Топырақ жақсы өңделіп, тыңайтылған жағдайда бір түптегі түйнектердің жалпы саны 3—4 килограмға жетті, мұның өзі гектарына 1 мың центнерден аса өнім бере алады. Осындай әдіспен өсірілген ерте пісетін картоп сорттарының өнімі 27 июньден 1 июльге дейін пісіп үлгереді.

Жақында картоп жалпай жыйнала бастайды. Зыкова жолдас эскурсияшылардың назарын көктемге арналған тұқымдық материал әзірлеуге аударды. Мұны картоп жыйнау кезінде-ақ ойластыру керек,—деді ол.—Тұқымдық картопты қазып алғаннан кейін сол араның өзінде-ақ жұқа егін жауып тастау, сөйтіп, 2—3 күн бойына күн сәулесіне шымықтыру пайдалы болады. Осындай қарапайым шараның өзі тұқымдық материалдың көлемге дейін жақсы сақталуын қамтамасыз ететін және мұнда түйнектерді аударыстырып тұруды қажет еместігін тәжірибе көрсетіп берді.

Орталық аудандарда июль мен августта жауын-шашын өте аз болып, күн ысып тұрды. Ыстық құрғақ ауа райы картоп түйнектерінің азғындауына әкеліп соқтырады, мұндай түйнектерді отырғызғанда анағұрлым төмен өнім алынады. Зыкова жолдас тұқым ретінде шымтезекті топырақта өскен картопты пайдалану жөнінде кеңес берді. Бұл топырақта минералдық топырақтағыдан температура едәуір төмен, ал ылғал едәуір

некі үгіт ұмыт қалған. Егіншілер ара-сындағы саяси үгітті әлсірету қымбатқа

жұмысты тез өткізіп, соңында берік жұмысқа басқа жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік алады. Жұртқа ма-

ҚКП облыстық комитеті совхоздар бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

аға көп қажет ететін уақыттан басталып, жұмыс мөлшері аз уақытта аяқталады. Мұның өзі жұмыс уақытын қысқартуға және оның сапасын анағұрлым жақсартуға мүмкіншілік беруде.

А. МУНАРОВ.

Жаңа қоныстанушылар пәтер үй алуда

«Заря» совхозында төрт пәтерлі жаңа үйдің құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. 16 семья жақсы жабдықталған пәтерлер алды. Жаңа пәтерлерге орналасқандардың ішінде тракторшы Соколов, механик Рогозин, құрылысшылар Катюрин, Шершнев, Матвеев және басқалары бар.

Үстіміздегі айдың бірінші жартысында магазин, жатақхана және нан пісіретін орын пайдалануға берілді.

Ғ. МҰҚАШЕВ.

Марксизм-ленинизм кешкі университетінде

Петропавл қалалық партия комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм кешкі университетінде жаңа оқу жылында 200-ден астам адам оқыйды. Қаланың басшы партия, совет қызметкерлері мен инженер-техниктері университетте оқу үшін көптеп өтініш беруде. Көзірдің өзінде мұнда 75-тен астам өтініш түсті. Өтініш берушілердің ішінде спирт комбинатының директоры Захарченко, құрылыс мекемесі партия ұйымының секретары Ешимов, кәсіподақтардың облыстық комитетінің председатели Нематуллин және басқа жолдастар бар.

Аудан партия ұйымында

Преснов ауданының партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына өзіндік жұмыстарын жүргізуде. Бұл күндері бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары насихатшы кадрлармен бірлесе отырып, әрбір коммунистпен жеке әңгіме жүргізу арқылы олардың оқу түрін таңдап алуларына көмектесуде.

«Прибой», Калинин атындағы колхоздар партия ұйымдарындағы коммунистердің бірқатарының бастауыш мектептер жөлемінде ғана білімдері бар. Бұл коммунистердің тілектері мен білімдерін ескере отырып, партия ұйымдары олар үшін саяси мектептер ұйымдастыруды ұйғарды.

Өткен оқу жылында Баян және Майбалық МТС-терінде кешкі партия мектептері жұмыс істеген болатын. Бұл мектептерде өткен жылы оқыған жолдастар былай екінші оқу жылына арналған программа бойынша оқыйды. Партия мектептерінің бірінші курсына бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары мен колхоз, селолық Совет атқомдерінің председателдері есебінен 15-16 адамнан қабылданды. Кешкі партия мектептеріне аудандық партия комитетінің секретарьлары мен МТС, совхоздардың директорлары және олардың бас мамандары сабақ беретін болады.

МЕКТЕПТЕР АЛДЫНДАҒЫ ЗОР МІНДЕТ

Политехникалық оқу жүйесінің жүзеге асуы, бір жағынан, орта мектептерді бітірушілер есебінен жоғары және арнаулы оқу орындарын даярлығы бар жастармен толықтыруға қолайлы жағдай туғызса, екінші жағынан, орта мектепті бітіретін жігіттер мен қыздардың бірсыпырасын тікелей өндіріске жұмыс істеуге жіберуге мүмкіндік береді. Сондықтан мектептерге өз өрендерін жоғары оқу орындарына түсуге және оларды өндірістен ауыл шаруашылығындағы практикалық жұмыстарға жіберуге барынша жақсы даярлау міндеті жүктеледі.

Политехникалық оқу ережелері мектептердегі оқу сапасын бұрынғыдан да гөрі жақсартуды қажет етіп отырғандығын ескере отырып, РСФСР Оқу министрлігі бастауыш, жетіжылдық және орта мектептердің жаңа оқу жоспары мен жаңа программаларын жасау жұмысын жүргізді. РСФСР Оқу министрлігі жасаған жаңа оқу жоспары мен жаңа программаларды Қазақ ССР Оқу министрлігі республика мектептеріне лайықтап, кейбір толықтырулар енгізіп, қабылдады.

Осы уақытқа дейін орта мектепте берілетін білімнің көлемі көбінесе гуманитарлық бағытта болып келді. Мұның өзі оқу жұмысында оқушыларға көптеген ауырлықтар келтірді. Гуманитарлық пәндердің жаңа программаларын екінші қатардағы және ғылым негіздерінің шеңберінен шығып кететін материалдардан арылтып, бұл пәндерге берілетін сағат санын кеміту арқылы оқу материалдары біраз ықшамдалды. Жаңа жоспарда физика, химия пәндерінің сағат саны едәуір көбейтілген. Өйткені политехникалық білім беру міндеттерін жүзеге асыруға байланысты бұл пәндер зор маңызы алып

отыр. Жаңа программаларда бұл пәндердің заңдарын өндіріске қолдану жолдарымен таныстыру, соған байланысты бұл пәндер бойынша практикалық және лабораториялық жұмыстар санын ұлғайту қатты ескерілген.

Сөйтін бұл жұмыстар жалпы бірдей білім беретін мектептерден, халық-ағарту орындарынан және мұғалімдерден өз жұмыстарын жаңа жоспардың тілек-талаптарына сәйкестендіріп қайта құруды талап етеді.

Көзір өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында техника, машина көң пайдаланылады. Сондықтан оқушылар машиналар құрылысының жалпы принциптерімен, жұмыстарымен танысу керек. Әсіресе электромотор, трансформатор, іштен жанатын двигатель, реактивті двигатель, бу машинасы тары басқа халықшаруашылығына пайдаланылатын машиналарға баса көңіл аудару қажет. Сонымен қатар оқушылар мектепте, өндірісте аса қажетті химиялық заттар мен қоспалардың алынуды әдістерімен және оларды өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қолдану жолдарымен таныстырылады.

Мектепте оқушылар ауыл шаруашылығының негіздерімен, өсімдіктерді өсіру жолдары және малды шүту, бағу әдістерімен танысуы керек. Сонымен қатар машинаның, электрдің, химияның ауыл шаруашылығында қолданылуына және олардың еңбек өнімділігін арттырудағы маңызына баса көңіл бөлуі қажет болып табылады.

Бұл айтылғандарды іске асыру оқытушылардан методикалық шеберлікті талап етеді. Осы уақытқа дейін мектептердің басым көпшілігінде оқу жалаң сөздік сыпатта жүргізіліп келді, оларда көрнекі

құралдар өте сирек қолданылды, практикалық лабораториялық жұмыстарға, экскурсияларға мән берілмеді.

Оқушылардың алған білімдері тұрақты және дәйекті болу үшін сабақтың барысында әртүрлі көрнекі құралдарды, биілеттерін, оқу-тәжірибе участоктерін қиялауды, машиналар мен жеке механизмдердің модельдерін, макеттерін, схемаларын көң қолдану керек. Лабораториялық және практикалық жұмыстарды өз дәрежесіне сәйкес жүргізу үшін мектептерде тірі табиғат бұрыштарын, оқу кабинеттерін, оқу-тәжірибе участоктерін ұйымдастыру қажет. Жаңа оқу жоспары бойынша экскурсияларға бөлінген уақыттарды мұқият пайдаланған жөн. Өйткені экскурсия оқушыларды ғылым заңдарының практикада қолданылуымен, социалистік өндірісті ұйымдастыру әдісімен таныстырудың бірден-бір жолы болып табылады. Оқушылар арасында мектептен, кластан тыс жұмыстарды кеңінен жүргізу керек. Бұл салада автомобиль, трактор сыяқты ауылшаруашылық машиналарын үйрену үйірмелерін, электротехниктер, радиотехниктер, авиамоделлистер, жас натуралистер үйірмелерін ұйымдастыруға болады. Мұндай үйірмелерге жоғары класс оқушыларымен қатар V—VII класс оқушылары да қатысуға тиіс. Кластан тыс жұмыстардың бір саласы ретінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке арналған көрнекі шығармалардан, ғылыми кітаптардан үзінділер оқуды ұйымдастыруға болады.

Мектепте оқылатын ғылым негіздері оқушыларды практикалық іске қажетті шеберліктермен және дағдылармен қаруландыра алатындай дәрежеде болу үшін оқудың мазмұнын өмірге, практикаға жақындата түсу қажет, практикалық еңбек сабақтарының маңызын көтеру керек. Оқу пәндерінің мазмұнын неғұрлым социалистік құрылыстың практикалық мате-

риалдарына толы болуы оқушылардың ғылымға қызығуын соғұрлым арттыра түседі, үлгерудің сапасын жақсартып түседі.

Бірақ бұл айтылғандар сабақ процесінде деректі материалдармен дәлелді түрде бекітілмей жалаң сөз, құрғақ баяндау күйінде қала бермеуі қажет емес. Сондықтан оқытушы тақырыпқа байланысты материалдарды, мысалдарды күн істері талдап, сұрыптап ала білуі қажет. Бұл арада материалдар мен мысалдардың өндірістің жалпы ғылыми негізін түсінуге қаншалықты маңызы барлығына көңіл аударған жөн. Келтірілген материал оқушылардың ұғымына, білім дәрежесіне және жас өзгешелігіне сай болса ғана шын мәніндегі педагогикалық бағалы материал болып табылады.

Ауылдық жерлерде оқушыларды завод-фабрикалармен және басқа да өнеркәсіп орындарымен таныстыру өте қиын. Сол сыяқты қалалардағы оқушыларды МТС, колхоз, совхоз өмірімен таныстыруға ордайы мүмкіншілік бола бермейді. Мұндай жағдайда кинофильмдер мен диапозитивтерді пайдалануға болады. Бұлар оқушыларды көзіркі заманғы социалистік өнеркәсіппен, ең жаңа техникамен, машиналардың құрылыстарымен таныстыруда зор роль атқарады.

Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының атақты адамдарымен, Социалистік Еңбек Ерлерімен, ғалымдармен, еңбек озықтарымен кездесуге арналған кештер мен жыйындар өндіріс туралы аса бағалы материалдар береді.

Сөйтін оқытушыларымыздың барлығы да политехникалық оқу принциптерін мінсіз жүзеге асыру жолында өздеріне де қатаң талап қоя білулері керек.

Ж. МУСИН,

Облыстық оқытушылар білімдерін жетілдіру институтының методисі.

бірақ бұл жолы жашырақ-сабағы топырақпен бастырылмайды. Бұл кезде өлген жашырақ-сабақ 18—20 сантиметр биіктейді.

Мұндай әдіс қолданылғанда картоптың жашырақ-сабағы өте тез және күшті өседі, дегі Зыкова жолдас, ал егінде арам шөп мүлдем дерлік болмайды. Отырғызылғаннан кейін шамамен бір ай өткен соң өсімдік қатарлары бір-бірімен тұтасып қатараралықтарды жауып тұрады. Картоптың жашырақ-сабағын топырақпен көме түштегенде жер астында сабақтың бірнеше сатылары пайда болады, олар өз тарапынан өте көп түйнектер салады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі чемпиондарының аттестаттары

7 сентябрьде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің «Манеж» павильонында салтанатты жағдайда көрмеге қатысушыларға сарапшы комиссиялардың жоғары бағасын алған малдардың аттестаттары тапсырылды.

Бірінші аттестат шошқа өсіруші озат Вологда облысының «Буденный» колхозы шошқа фермасының меңгерушісі, Социалистік Еңбек Ері, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты А. Е. Люсковаға тапсырылды. Ол әрбір мезгілінен жыл сайын ірі ақ тұқымды шошқаның 25-30 торайын алып келеді. Әдетте, торайдың екі ай толған кездегі салмағы 300-350 килограмға жететін өзінің енесінен ауыр болады.

Мынаны атап өткен жөн: осыдан 15 жыл бұрын осы көрменің «Манеж» павильонында 1940 жылы сарапшы комиссия А. Е. Люскованың бір жылдың ішінде бір мезгілінен өсірген торайларының салма-

атындағы ауылшаруашылық академиясы егіншілігінің тәжірибе станциясының мәліметтеріне қарағанда, шым-тезекті топырақты жерге өсірілген тұқымдық түйнектер өздерінің тұқымдық сапасы жөнінен минералдық топырақты жерлерден алынған картоптан едәуір артық. Бұлар анағұрлым мол өнім алуды қамтамасыз етеді және өздерінің осы бағалы қасиетін 3—4 жыл бойына сақтайды.

Зыкова жолдас мұнымен қатар мал азығындық тамыр түйнектерден мол өнім өсірудің тәжірибесі туралы айтты. (ТАСС).

ғын өлшеген болатын. Торайлардың жалпы салмағы 4,7 тонна болды, мұның өзі дүниежүзілік рекорд болған еді. Шошқа өсіруші озат сол кезден бері асыл тұқымды 12 мың торай өсірді.

Көрмеге қойған малы үшін Краснодар өлкесінің «Венцы заря» совхозы 12 аттестат алды. Бұлар совхоздың атақты малшысы Н. А. Бугаевқа тапсырылды.

1955 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің чемпион малдарының қатарында ақ тұқымды ірі шошқаның салмағы 534 килограмм тартатын «Ляфет» деген қабаны бар. Салмағы 321 килограм тартқан осы тұқымды «Химера» деген мезгіл де рекордшы деп танылды.

Басқа тұқымды малдар үшін аттестаттар таяу күндерде көрменің мал өсіру алаңында тапсырылатын болады. (ТАСС).

КУЙЫШЕВ — МОСКВА АРАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ВОЛЬТТІ ЛИНИЯҒЫҢ

КУЛИБАКИ, (Арзамас облысы), 8 сентябрь (ТАСС). Кулибакидің металл конструкциялар заводу Куйышев — Москва аралығындағы жоғары вольтті электр сым жолына арналған күшті тіреулер құрастыруға жірісті. Оның екеуінің салмағы 300 тоннадан, ал қалған екеуінің салмағы 100 тоннадан болады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫҢҒЫҢ

ЯРОСЛАВЛЬ, 8 сентябрь. (ТАСС). Көпше автомобиль заводының кірме жолдарынан ауыл шаруашылығына арналған машиналар тиерген кезекті эшелон жөнелтілді. Бұл жолы ашық темір жол платформаларының үстінде автомашиналар емес, сүрлем тұрағыштар болатын.

Колхозшылар ауылшаруашылық институтында сырттан оқыйды

КИРОВ, 9 сентябрь. (ТАСС). Орта мектепті бітіргеннен кейін В. Тестоедова Слободск ауданының Пушкин атындағы колхозында жұмыс істеуге қалды. Мұнымен қатар ол Киров ауылшаруашылық институтының сырттан оқытатын бөлімшесіне түсті. Көмегомолка Тестоедова — институттағы оқуын колхоз өндірісіндегі практикамен шебер ұштастыруда. Ол басқарған жүтері өсіретін звено аудан бойынша алдыңғы қатардағылардың бірі болып келеді.

Уржум ауданының Маленков атында

Агрономдар мен зоотехниктер, колхоздарға тұрақты

жұмысқа барайық!

ОРНЫМ—КОЛХОЗДА

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес МТС-тердегі участоктік агрономдар мен зоотехниктер колхоздарда тұрақты жұмыс істейтін болды. Мұның өзі колхоздарға агрономиялық және зоотехникалық жәрдемі елеуір жақсартуға жағдай жасады. Бұған мысалды мен өзім қамтыттым. Булаев ауданындағы «Гигант» колхозынан алғым келеді.

Соңғы үш жыл ішінде «Гигант» колхозында ауылшаруашылық дақылдар егісінің көлемі 4 мың гектардан 7800 гектарға дейін ұлғайтты. Өткен жылы 2900 гектар, бытыл 1900 гектар тың шерілді. Осы көлемді жұмыстарды колхозшыларымыздың агротехникалық ғылым мен озат тәжірибелер табыстарына сүйене отырып атқаруына агрономның колхозға тұрақтандырылуы көмектесті. Егер колхоз 1950 жылға дейін огород және бау-бақша шаруашылықтарымен мүлдем айналыспай келсе, бытыл өсімдік дақылдары егісінің көлемі 12 гектарға, бау-бақша жемістерінің көлемі 12,5 гектарға жеткізілді. Бұлардан алынған өнімді сатудан ғана колхоз жыл сайын мыңдаған сом табыс алып отыр. Үетіміздегі жылы колхозда 240 гектар жүгері егілді. Бұл «Гигант» колхозының мүшелері бұрын екіпеген дақыл еді. Сондықтан жүгеріден мол өнім алып, астық пен құстарды жемішпен қорын толықтыруды қамтамасыз ету ісі агрономның бұл дақылды егу, күтіп-бастау және өнімін жыйнау жұмыстарына тікелей басшылық етуін талап етті. Менің өз қамтуымдағы колхозда осындай зор жұмыстарды басқаруыма, ұйымдастыруыма осы колхозда тұрақты жұмыс атқаруым қолайлы жағдай дұрызды.

Бірақ, біз —МТС-тің колхоздағы агрономдары мен зоотехниктері өндірістің шын мәніндегі ұйымдастырушылары бола алмай келеміз. Осының салдарынан колхоздардың етін және мал шаруашылықтарының мәдениеті әлі де төмен, ауылшаруашылық практикасына озат тәжірибенің, ғылымның табыстарын енгізу сылдыр болып отыр.

Біздің Булаев МТС-нің агрономдары мен зоотехниктерінің практикасына қарағанда мұндай кемшіліктердің орын алу себебі мынада: бұл мамандар МТС-тің штатында тұрады, оларға еңбекақы мемлекет есебінен төленеді. Ал еңбекақы төлеу кезінде маманның колхозға көмектесудегі жұмыстарының нәтижесі ескерілмейді. Еңбекақы төлеудің мұндай жүйесін қолдану агрономдар мен зоотехниктердің колхоз өндірісін дамытуға, оның жалпы табысын арттыра беруге деген материалдық ынталылығын кемітеді. Екіншіден, МТС басшылары агрономдар мен зоотехниктердің жұмысына бақылау жасап, бағыт беріп отырмайды. Тіпті МТС директоры мен партия ұйымының секретары бұл мамандардың жұмысына басшылық ету бас агроном мен бас зоотехниктің ісі деп қате түсініп, өздері бойларын аулаққа салады. Соның орайына қарай колхоз басшылары агроном мен зоотехниктерді МТС-тің адамы деп санап, оларды басқарма жұмысына батыл араластырмайды, колхозшылар арасында беделді болуына көмектеспейді, тұрмыстық қажетіне қамқорлық жасаймайды.

СОКП Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі агрономдар мен зоотехниктерді МТС штатынан шығарып, колхоздарға беру қажет деп тапты. Бұл агрономдар мен зоотехниктердің колхоз өндірісіндегі ұйымдастырушылық ролін арттырудың, оларға колхоз экономикасына терең араласуға мүмкіншілік туғызудың бірден бір дұрыс жолы. Сондықтан мен бұл нұсқауды қуаттаймын және «Гигант» колхозының басқармасына мені колхозға мүшелікке алуды сұрап өтініш бердім. Менің колхозға мүше болып, агрономиялық жұмыстарды колхоз басшыларымен бірлесіп отырып жүргізіуім өндірістің шын мәніндегі ұйымдастырушысы болуыма, ауыл шаруашылығындағы озат әдістерді, жаңаны практикаға енгізе беруіме жағдай жасайтыны сөзсіз.

И. ПЕТУХОВ,

Булаев МТС-нің «Гигант» колхозындағы агрономы.

Достар хаты

«Қымбатты Нина! Осы хатты Чехословакиядан, Братислава қаласындағы № 5 қыздар орта мектебінің оқушысы, пионерка Даша Лактайова жазды...»

Бұл Архангельск орта мектебінің пионерлер дружинасы советінің председателі Нина Дрягинаға чехословактық досынан келген хат еді. Конвертіне ха-

Мен туған Гричаве селосының басқа да тұрғындарымен бірге өкем партизан отрядын құрып, соны басқарыпты. Мұны біліп қалған фашистер шешеміз екеуімізді өлтірмек болғанда, аман алып қалғандар да сол партизандар болса керек. Фашист басқыншылары туғызған ауыр күндерден бізді Совет Армиясының жауынгерле-

дағы аса бір көрнекті үйлердің біріне орналасқан. Класта 37 оқушы бар. Олардың барлығы да пионерлер. Оқушылар әресе орыс тілі сабағын құмарта тыңдайды. Ұйымдастырылған түрде совет жазушыларының шығармаларын оқып тұрамыз. Бұдан кейін Даша қалада соғыстан кейін төрт театр салынғанын, көзір мәдениет паркі



Бұхтарма СЭС-інің құрылысшылары су құятын плотина үшін оң жақ жағада котлован тазарту жұмыстарын жүргізуде. Мұнда темір жол салынған. Балшық думпкалармен тасылады.

Тас жынысын қазатын экскаватордың машинашысы Василий Полегаев жұмыста зор табыстарға ие болды. Съезд қарсаңындағы күндердегі вахтада ол сменасына екі нормаға дейін орындайды.

СУРЕТТЕ: экскаваторшы Василий Полегаев қазылған тас жынысын думпкаларға тиіп жатыр.

Суретті түсірген Г. Емельянов.

Цемент жергілікті орында өндіріледі

«Автомобилстрой» құрылыс-монтаж басқармасының өндірістік шәсіпорындары жаңа техника —вибрациялық дүірмен алды. Ол минутына 1500 рет айналып, жылдам вибрациялайтын жазық болат цилиндр болып табылады. Цилиндрдің үштен екі бөлігіне салмағы 7 килограммға жететін болат роликтер мен шариктер толтырылған. Цилиндрдің қуыс басқа жеріне өңделетін материал толтырылады, электромотор жалғастырылады. Роликтер мен шариктер күрделі тербелу қозғалыстарын жасайды, сөйтіп толтырылған материалды ұнтақтайды. Осындай әдіспен өңделген өзендегі кварц құмының әк-шипалықпен қоспасы «50» маркалы цементтің орнына қолданылатын материал береді. Төмен маркалы цементті вибрациялық қолмен бұдан өрі өңдеу оны неғұрлым жоғары сапалы цементке айналдырады. Вибрациялық дүірмен тәулігіне 20 тоннаға дейін жергілікті цемент береді. Бұдан пайдалы көлемі 200 шаршыметр төрт түрғын үйдің қабырғасына жетерлік материал алуға болады. (ҚазТАП). Ақмола қаласы.

Тың жерлерде өскен егіннің астығы тасылуда

Облыстық театрдың жұмысы мен мұқтажы жөнінде бірер сөз

Петропавл драма театры облысымыздың мәдени өмірінде көрнекті орын алады. Ол қала және облыс жұртшылығын орыстың классиктік және совет жазушыларының көрнекті драмалық шығармаларымен таныстыруда айтарлықтай роль атқарып келеді. Әресе театр коллективі соңғы жылдары совет адамдарының қажырлы еңбегі мен аса жоғары моральдық бейнесін көрсететін тамаша пьесаларды сахнада көрсету арқылы көршілердің құрметіне бөлене түсулі.

Өмірмен тығыз байланыста болу, өмір талабынан кейін қалмау —совет театрының даңқты дәстүрі. Бұл салада облыстық театрдың соңғы екі жылдағы қызметтері де жұртшылықты қуантарлықтай дәрежеде. Ең алдымен театр репертуары облыс жұртшылығының бүгінгі талабын қанағаттандыралық постановкалармен жүйелі түрде толықтырылып келеді. Сол сыяқты артистер коллективі қысқы маусым кезінде жұмысшылар клубтары мен демалыс үйлерінде постановкалар қою, жаз айларында облысымыздың колхоздары мен совхоздарында гастрольдерде болу арқылы өзінің өнерімен және ауылшаруашылық еңбекшілерімен байланысын нығайта түсіп отыр. Мәселен, театр коллективі тек бытылғы жааңды өзінде ғана «Солтүстік Қазақстан және Комштетау облыстарының тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан колхоздары мен совхоздарында болып, егіншілер мен механизаторларға 261 спектакль көрсетті. Бұл спектакльдерді көруге 60 мыңнан астам адам қатысты. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері әресе, театр коллективі қойған «Аня Березконың махаббаты», «Намыс соты», «Қымбатты сыйлық» спектакльдерін жоғары бағалады.

Облыстық драма театры артистерінің ішінде өздерінің тамаша ойындарымен жұртшылықтың сүйіктісіне айналған сахна шеберлері де аз емес. Өткен қыс бірінші рет қойылған «Намыс соты» спектакліндегі Анна Астахованың ері ораған кездегі ішкі жан дүниесінің толқымалы арпалысқа түскен ері дауылды, ері нәзік шағын көрушілерге соншалықты шындық тұрғысынан жеткізе алған артистка Кучинаның тамаша шеберлігіне сүйсінібепен көруші аз болар. Ал артистер Роговский мен Зинина, Александров пен Александрова және Найденов талай рет сахна төрінде жұртшылық тарапынан гүл құшақтағандар болатын.

Бұл, әрине, облыстық театр жұмысының күнгей жақтары. Сонымен қатар оның жұмысында әлі де болса қала жұртшылығын аса ренішке түсіретін кемшіліктер де аз емес. Олардың ең бастысы театр коллективінің творчестволық өсу дәрежесінің әлі де болса қанағаттан-

дердің менгерілуі өте төмен дәрежеде болды. Кейбір жекелеген артистердің ойынын айтпағанда, жалпы көлемде пьеса мазмұнын өз дәрежесінде көрушілерге жеткізіп бере алмады. Ал сонда мұның себебі не? Мұның себебі ең алдымен театр дирекциясының көптеген талантты сахна шеберлерінің театрдан түрлі себептермен кетіп қалуына жол беруінде болды. Мәселен, театр артистерінің ең кем дегенде 25—30 проценті жыл сайын ауығып отырады. Мұның өзінде театр басшылары да, облыстық мәдениет басқармасы да олардың орнын болашағы бар артистермен толықтыруға көңіл аудармады.

Жасыратыны жоқ, театр директоры Леонов жолдас та, бас режиссер Чумаков жолдас та артистердің творчестволық өсу жағдайына жеткілікті мән бермейді. Мәселен, театрда көркемдік кеңес жұмыс істейді. Ол репертуарларды толықтыру, рольдерді бөлу, артистердің творчестволық өсуіне жағдай жасау мәселелерінде шешуші роль атқаруға тиіс. Бірақ оның театрда бұл күндері атқаратын ролі жоққа тән. Өйткені репертуарды таңдау, рольдерді бөлу көп реттерде көркемдік кеңесте емес, не директордың, не бас режиссердің бұйрығымен шешіледі. Бұл реттерде сыңаржақтылыққа жол берілетіндігін де ескерте кеткен жөн.

Сол сыяқты театрда творчестволық кеңестер жиі өткізіліп отырылмайды. Ал өткізілген кеңестерде театр коллективінің алдында шешуді қажет етіп тұрған мәселелер көптеп көп қамтылмай қалады. Оның орнына ұсақ маңыз бар мәселелер талқыланып, соның төңірегінде айтыстар бірнеше күнге сөз болады.

Айта кету керек, коллектив арасында творчестволық өсу туралы ұстамды кеңестер мен пайдалы жыйналыстардың өз дәрежесінде өткізілмеуі театрдың жұмысына көрініше әсер етпей қалған жоқ. Мәселен, жазғы гастрольге шығар алдында артистердің көпшілігі өз репертуарларына көңіл аударудың орнына қай бригадаға бөкілетіндігіне көбірек назар бөлді. Ал театр басшылары әйтеуір әр бригадада екі спектакль болу керек деген жоспармен артистерге рольді үстірт бөліп бере салды. Тіпті кейбір артистерге өз қабілеттері мүлде жетпейтін көлемді рольдердің тапсырылуы, міне осы жағдайдан туды.

Өткен маусымда кездескен кемшіліктің ең бастысы театр басшыларының жоспарды финансе тұрғысынан орындауға баса көңіл аударғандығы болды. Әрине, артистердің материалдық мүдделерін де естен шығаруға болмайды. Бірақ, театр коллективі үшін ең басты мәселе әрбір спектакльді творчестволықпен менгеру, сөйтіп көруші жұртшылықтың рухани-эстетикалық талабын қанағаттандыра алу

творчестволықпен менгеруіне бөгет жаса-са, екіншіден әрбір жаңа спектакльдің театрдың жабық салында ойдағыдай дайындалып болмауына әкеп соқтырды. Бұл саладағы ең басты кемшілік —әрбір жаңа спектакльдің идеялық-көркемдік мазмұнына көңіл аударудың орнына финансе жоспарының орындалу көрсеткішін қуу болғандығында өкенин қатаң ескерте кету қажет.

Саяси тәрбие жұмысының ойдағыдай жүргізілмеуі артистер арасында еңбек тәртібінің болмауына, кейбір жекелеген артистердің тұрмыстан азғындалуына әкеп соқтырып отыр. Жасыратыны жоқ, артистер коллективі арасында әлі де болса совет адамдарына жат моральға бой ұрып жүргендер кездеседі. Ал оларды тәрбиелеу, оған көнбегендерді арадан аластау сыяқты шаралар мұнда жүзеге асырылмайды десе де болады.

Атап айту керек, театр жұмысын жақсартуға оның басшыларына тәуелсіз кейбір істер де көрініше әсер етіп отыр. Мәселен, осы уақытқа дейін театр үшін жөндеу жұмысы жартыланған да жоқ. Ал бұл жағдай театрдың өз күшімен жүзеге асыруға болмайтын мәселе. Өйткені күрделі жөндеу жүргізуге оның жұмысшы күші де, құрылыс материалдарын алуға қаражаты да жетпейді. Ал бұл жұмыста нақты көмек көрсетуге тиісті қалалық Совет атқомі осы уақытқа дейін дәрменсіздікке салынып отыр. Өзгені айтпағанда, театр үшін жаңындағы ордың ойырылуын тоқтату шарасын жүзеге асыруға «шамасы» жетпей отырған қалалық Совет атқомінен мардымды көмек көрсетілер деп үміттенудің өзі де қыял сыяқты.

Театр жұмысын жақсартуға облыстық мәдениет басқармасы да жапбаракаттыққа салынып келеді. Басқарма бастығы Санников жолдас театрдың творчестволық сәтсіздігіне де, материалдық мұқтажына да көңіл аудармайтын сыяқты. Мәселен, оған артистер коллективінде творчестволық тоқырау орын алғандығы немесе театрда костюм-киімдердің мүлде жеткіліксіздігі көптен мәлім. Сол сыяқты көптеген артистердің пәтер жоқтықтан театрда тұруға мәжбүр болып отырғандығы да оған белгілі. Солай бола тұрса да ол бұл туралы қалалық Совет атқомі алдына, не республикалық Мәдениет министрлігі мен жергілікті партия ұйымдарының алдына бірде-бір рет мәселе қойған емес.

Театрдың маусымды басталуына санаулы күндер ғана қалды. Бірақ оның бұл маусымға дайындығы мүлде қанағаттанғысыз. Мұның өзі, сөз жоқ, театр жұмысында өткен жылғы кемшіліктердің қайталануына әкеп соқтырғалы отыр. Сондықтан да облыстық театрдың жұмы-

шықарып ішам ба-
сылған мұндай хаттар
бұл мектептің оқушы-
ларына жиі келіп тұра-
ды.

— Даша Лактайова өзі-
нің советтік досына
жалынды сөлем жол-
дай отырып, чехосло-
вак балаларының өмі-
рімен, пионер ұйымда-
рының жұмыстарымен
таныстырады.

— Мен, — деп жаза-
ды Даша, — елімізді
фашистер басып алып,
құлдыққа ұшыратпақ
болған кезде туыппын.

— Біздің
үйде совет әскерлері-
нің штабы болған еді.
Сонда келіп жүрген
жауынгерлердің ішінде
мен әресе Леша деген
солдатты әлі ұмытқа-
ным жоқ. Ол өзінің ту-
ған селосындағы бала-
лар туралы қызықты
әңгімелер айтушы еді.

Соғыс аяқталған соң
біз Братислава қала-
сына көшіп келдік.
Әкем ғылым академия-
сында қызмет істейді,
шешем журналист. Біз
оқыйтын мектеп қала-

жасын даққандығын
жазады. Сонымен бірге
ол бірнеше көркем фо-
толар жіберген.

Оқушылар хатты
алысымен Дашаға жа-
уап жазды. Онда мек-
теп оқушыларының
өмірін, қалай оқыйтын-
дықтары, колхозға жү-
гері өсіруге көмектес-
кендіктері жайында
хабарлады. Көзір олар
өздерінің чехословак-
тық достарына тарту
ету үшін совет жазу-
шыларының таңдаулы
кітаптарын әзірлеуде.

Қ. ЗЕИНОЛОВ.

— Ақмола (қазтал). Астық элеваторлар-
ға барған сайын көп тасылуда. «Кали-
нинский», «Энтузиаст», «Победа», «Сво-
бодный», Островский атындағы жаңа
астық совхоздары мемлекетке жүздеген
мың пұт бидай ташырды. Ауа райы
жағдайының қолайсыз болып тұрғанына
қарамастан, Есіл, Молотов және Атбасар
аудандарының көптеген шаруашылықта-
ры егіс көлемінің ұлғайтылғанына бай-
ланысты астықты өткен жылдағыдан екі
есе көп бастырып, мемлекетке тапсыру-
да.

Ақмола ауданының «Путь Ленина»,
Сталин атындағы артельдері астық тап-
сыру жоспарын толығымен орындады.

ғысыз болып отырғандығынан деуіміз
керек. Бұған мысал ретінде өткен жылғы
маусымда кездескен сәтсіздіктерді айтуға
болады. Ең алдымен бұл кезде қала
жұртшылығына көрсетілген спектакль-

болуға тиіс қой. Оның орнына театр
басшылары әрбір спектакльді қатарлас-
тыра көрсету сияқты зиянды әдісті
өдетке айналдырды. Мұның өзі бір жағы-
нан артистердің өз ролдерін толық және

сы мен мұқтажына жеткілікті назар ау-
дару — партия және совет ұйымдары-
ның алдында тұрған кезек күттірмейтін
міндеттердің бірі болуға тиіс.

Т. ҚҰНАНБАЕВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„МЕЙІМСІЗ ӘКЕ“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 11
майдағы нөмерінде осы тақырыпмен ма-
қала жарияланған болатын. Мақалада
шағын двигательдер зауыдының қызмет-
кері, партия мүшесі Гречко-Севестьян түр-
мыста азғындыққа салынып жүргендігі

айтылған-ды. ҚБП Петропавл қалалық
комитетінің секретары М. Попов жолдас
мақала жөнінде редакцияға төмендегіні
хабарлады:

Мақала шағын двигательдер зауыды

партия ұйымының жыйналысында тал-
қыланды. Жыйналыс партияға жат қы-
лықтары үшін Гречко-Севестьян партия қа-
тарынан шығаруға қаулы алды. ҚБП қа-
лалық комитетінің бюросы партия ұйы-
мы жыйналысының қаулысын бекітті.

Сәбиә Мұқанов

Тыңның тулауы



(Басы газетіміздің 6-7-10-11

сентябрьдегі номерлерінде)

— Сен не аласың? — деді Шәйгөз, —
жұмысың жоқ қой онда. Жер — саз, ше
керек, босқа қыйналың? Жат та, дем ал!

— Жо, барам! — деді Шәпи мығым үн-
мен.

— Барғысы келсе барсың! — деді хо-
зияға.

— Мен де барам! — деді бұзақыларды
қарсы алудың қалай боларын қызық жер-
ген Валя.

Шәйгөз, Шәпи, Анфиса және Валя —
төртеуі тысқа шықса, мана көк-жиекке
жақындау тұрған он шақты жаңа алаң-
ға ай бийіктеп, сәулесі қоңырқай көшені
төп-төуір жарық қып тұр екен. Мана —
күндіз сазды жердің вокзалға оңайырақ
баратын тұстарын Шәйгөз жобалап қойған
еді, сол бетпен бастап жүріп көрсе, ішір-
ге дейін іріп жатқан батпақ көзір тобар-
сыңқырап, жүруге жап-жақсы боп қал-
ған екен.

Олар вокзалға келсе, қажетті жұрт
жыйналып қалты. Түн сорған олардың
өндері құқылдау. Көбіннің иығынан ұй-
қы басып, есінен жүр, сонысын білдіргісі
келмегендей, әлденелерді қалжындап кү-
лседі. Еркектердің азыл-оспағына бөгет
болғысы келмегендей, Анфиса және осы
топтағы екі-үш әйел бөлініп, өздеріне
тыйымшыл уағалар тауып алысты.

Бір кезде қоңырау қарылды. Соның
дауысынан ба, әлде поездан күткен
хауішке елеңдеуден бе — күтуші жұрттың
бойын басқан ұйқы серіліп жүре берді.
Үйдегі, түздегілердің бәрі перронға жый-
нала қалды. Енді олардың көзі поезд кө-

летін жақта. Күткен хауіп осыған ғана
төнетіндей, әрқайсысының да бойы аздап
діріл қағады, бірақ, оны біріне бірі сез-
дірмейді.

Әне, паровоздың фары да көрінді...
Әне, вагон доврақтарының рельске соқ-
тыққан тырысы да естілді... Әне, жа-
қындағанын ескерткісі келгендей, паровоз-
дың гудогі де естілді... Сол кезде
келе жатқан поезға үн-түнсіз қарап тұр-
ғандардың ішінен Құрманов сыр білдіріп,

— Поездың осы станцияда он-ақ ми-
нут тұратыны-ай, кісілерді түсіріп алуға
тым тығыл-таяң! — деді. Оның ішкі
дүрбелең халін әшкерелегендей, дауысы
қалтыраңқырап шықты.

Бұл сайын өтетін поезды күтіп ала-
тын Несмеяновқа паровоздың, оған тір-
келген вагондардың қайсысы нақ қай
араға тоқтайтын мәшһері белгілі еді.
Сол мәшһерімен қасындағыларға ол мін-
ген адамдары осы Ақшабақта түсетін
төрт вагонның қайсысы қай жерге то-
қырайтынын айтып, бәрін де сол тұсқа
іріп тұрған. Оның айтуынаша, хауіпті
вагон поездың ең соңында.

Перронның темір жолға тақалған жие-
гінде тұрған адамдардың кейбірі Несме-
яновтың сөзінен кейін аулық сақтап
хауіпті вагонның алдына дәл келмеуге
тырысып тұр.

Ешпіндей келген паровоз бір кезде кү-
тіп тұрғандарды жанаш өте шықты. Тіз-
бектелген вагондар да өтіп жатыр.

Поезд тоқтады...

Соңғы вагонның есігіне Несмеянов,
Шәйгөз және Анфиса дәл келіп қалды.
Күткен үш вагоннан жұрт жапыр-жү-
пыр түсіп жатыр, ал, мына вагон тым-
тырыс! Терезесінен жарық және әлдекім-

дердің үлкенді-кішілі көлеңкелері көрі-
неді...

Несмеянов вагонның сатысымен жоғары
көтерілді де, есікті тартып еді, ішінен
жауып тастаған. Ол әуелі ақырын,
одан кейін қатты қағып еді, әлдекім ар-
жағынан келді де, жуан дауыспен,

— Қақпа! — деді.

— Түсетін станцияңызға келдіңіз, жол-
дас, — деді Несмеянов.

Іштен ешбір жауап жоқ. Несмеянов
тағы да әлденелерді айтып, тағы да еш-
бір жауап болмаған соң, есікті тағы қақ-
ты. Оған да жауап болмаған соң дүрсін-
дете қалтырақ қағып еді, есік ішіне қа-
рай ашылып кетті. Қараңғы коридорға
кіре бергенде Несмеяновты әлдекім «оқ-
ты, каналы!» деп жағасынан қапыра
шап беріп ұстады да, «шеге қағасың?» деп
жекі боқтап, далаға қарай дақтырып келіп
жіберді. Лақтырғанының ше деген мықты
адам екенін кім білсін — Несмеянов са-
бан тыққан қапшықтай, сонадай жерге
барып бір-ақ түсті.

— Бұның не, жолдас?! — деп Шәйгөз
басқыштан көтеріле беріп еді, әлгі адам
ба, басқа біреу ме, кеуден теуіп келіп
жібергенде, аяқ дәл жүректен тиіп, Шәй-
гөз талықшыл кетті. Ол есіктің жақтауы-
нан айырылса жығылатынын шамалап
сіресе ұстап жабыса қалды. Сол кезде
тағы да біреу бастан тебуге ыңғайлана
бергенде,

— Тарт аяғыңды! — деп ақырып қал-
ды жоғары көтерілген Анфиса, басы кө-
рінген аяқ пен Шәйгөздің арасына өз
дөңесін төсей кетіп.

Аяқ кейін шегінді. Сол шақта, вагон
ішінен бір адам фонарь алып шығып,
коридор жарық боп кетті, онда сыныс-

қан көп адам... Анфиса коридорға кі-
рейін деп еді,

— Қайда барасың, мыстан! — деді зор
денелі біреуі, есік алдына қолын жергіш
қып ұстай қойып. Дауыс — мана Нес-
меяновты лақтырып жібергендікі.

— Жібер! — деді Анфиса қолына жар-
масын.

— Ойбай, Физа, әлесің, түс! — деді
қатты қорыққаннан есі кіріп кеткен
Шәйгөз Анфисаға қазақшылап, денесін
кейін тартты.

— Түс! — деп ду ете қалды, сол араға
жыйналған серіктері. Олардың сөзіне
күлақ аспаған Анфиса,

— Жібер! — деді бөгеп тұрғанға.

— Жібермеймін!

— Жоқ жібересің!

— Бауыздау керек, бұл ешкімі! — десті
аржағында тұрғандар.

— Жібер! — деді Анфиса бөгеп тұрған-
ның қолын жұлқылап.

— «Өтпейсің!» — дедім бе мен саған,
сволочь! — деді анау ақырын.

— Мәс-саған «сволочь» — деп, Анфиса
шапалақпен бетке тартып келіп жіберді.
Қатты соққан алақанның саусағы көзіне
тигендей, анау шегіне берді. Сол кезде,
қолынан қалай сытылғанын Шәйгөз біл-
мей де қалды — Анфиса коридорға кіріп
кетті...

— Әлді! — деп жылап қоя берді есікке
жармасқан Шәйгөз.

— Ойбай, өзіңді өлтіреді!.. Түс!.. — деп,
әлдеқайдан келіп қалған Шәпи, зәресі
кеткен дауыспен Шәйгөздің етегінен ұс-
тап төмен тартты.

Ілгері тырмысқан Шәйгөз коридорға
Афисамен бірге кірейін деп еді, әлдекім
есікті жаба қойып ішінен тас бекітті де
алды...

Ашу тұншықтырған есі жаңада ғана
кіргендей болған Анфиса, фонарьдан жан-
жарық боп тұрған коридорды айнала қара-
са, көп жас жігіттің қоршауында тұр,
үш-төрт пышақ жан-жағынан сүйріне
төніп тұр, қарсы алдында биік, сулу де-
нелі, сулу кескінді, үлкен қара көзді,
бұйра қара шашты, әдемі киінген жас

жігіт тұр, мұрнынан төмен қарай жыл-
жып жылаған қанның жіңішке жолағы
көрінеді, оны жігіт абайламай тұрған
сыяқты.

Жігіт пен бұл, таласуға әзірленген
арыстанның арлан мен қаншығы сыяқ-
танып, біріне-бірі төсіле қалысты! «Жа-
нағи соққаным осы» деп жорамалдаған
Анфиса,

— Не ғыш тұрсың, сволочь!.. кескіле
мені! — деп кеудесін төсей ұмтыла бер-
ді. Жігіт әлі де кейін ығысқан сыяқтан-
ды...

— Тимур! — деді сол кезде пышақ кө-
тергенде, Анфисаны қыспаққа ала түсіп,
— сойып бұл қаншықты!..

«Краса... Атаман... Осы екен ғой» деп
ойлап қалды Анфиса.

Краса пышақ көтерушілерге көзін жү-
гіртіп қасқырша қарап алды да, көтерген
он қолының қыймылымен «түсіріңдер
қолдарыңды!» деген ишарат көрсетті.

Қолдар түсіп кетті.

— Ал, кеттік! — деді Анфиса Красаға
бұйырған дауыспен.

IV

«Дәл сол!.. Соның өзі... Содан ауған
жоқ!..» деген сөзді, қараңғы бөлменің
ішіндегі кроваткаға аунақшыған Тимур
Тимофеевич Краса іштей әлденеше рет
қайталады. Осы сөздердің оның дауыстап-
ақ айтқысы да келіп кетеді, бірақ, ма-
ңында пысылдай, қорықпай ұйықтап
жатқандарды оятып жіберем бе деп қор-
қады. Бір сөзді қайталап айта беруге жа-
быққандай, ол кезде айтпайын-ақ деп
тырысып, ұйықтамақ болып көзін жұма-
ды, сол кезде, көзін ашқанда жоғалып ке-
тетін әйелдің түр-тұлғасы, кескін-кейпі,
жүзі жарқын айнаға түскендей дәмде-дәл
бейнесімен алдында тұра қалады. Әйел
нақ алдына келіп тұрғандай, Краса көзін
ашып жіберсе-ақ, бөлме ішіндегі қою қа-
раңғылыққа сіңеді де кетеді...

«Дәл сол!.. Соның өзі!.. Содан ауған
жоқ!..» дейді Краса тағы да... Көзін тағы
да жұмса, әйел тағы да әлгі бейнесімен
алдына келе қалады... Бұл не ражап?

Красаның шатасқан ойымен шатастыр-

мау үшін, біз енді оқушы көпшілікке
оның тіліне әлгі сөздердің неге оралатын
себептеріне келейік. Ол үшін мәселені
тереңінен толғайық.

Тимур Тимофеевич Краса 1930 жылы,
Кубань өзенінің Азов теңізіне құйылатын
тармағындағы Тимурок қаласында, әскери
қызметкердің семьясында туды. Әуелі
империалистік, одан кейін азаматтық со-
ғысты басынан өткізген оның әкесі Тимо-
фей Терентьевич Краса ерлік еңбектері
үшін үкіметтік бірнеше наградалар алған,
азамат соғысының кезінде кавалериялық
полктың командирінің дәрежесіне көтеріл-
ген аборльы адам еді.

Жұмысын семьядан шыққан, рево-
люциялық істерге ерте араласқан, екі
үлкен соғыстың иірімне түсіп кеткен ол,
жас күнінде үйлене алмады да, соғыстар-
дан кейін жасы орталанып керенау тарт-
қандай, тағы да біраз салақсып жүрді де,
тек, 1928 жылы отыз сегіз жасында га-
на әйел алды. Мүмкін, ол кезде де Тимо-
фей Терентьевич үйленбес пе еді, қайтер
еді, егер кеңсесінде жәрдемші боп қызмет
атқаратын қыз — Анютаның өзі жанасып
қызықтырмаса. Анна Мироновна Бекето-
ва аталатын қазақ-орыстың бұл жас және
сулу қызының не есебі болғанын кім
білсін, әйел мәселесінде бұйым болуға
айналған Тимофей Терентьевичтің деле-
бесін күздырды да, ақыры екеуінің
ЗАГС-ке барып тіркелуіне соқты.

1930 жылы олардан ұл бала туды.
Қуанышты командир баланың шылақа-
насына той жасап, жолдас-жорасын ша-
қырды да, сәбидің аты кім болуы тура-
лы ұсынысты өзі жасады.

— Егер сіздер мақұл көрсеніздер, — де-
ді ол қонақтарына, — баламның атын
менің Тимур қойғым келеді. Оған үш дә-
лелім бар: бірінші дәлелім — мен әскери
адам болғандықтан, дүние жүзіне әйгі-
лі қолбасшылардың атына құрметпен қа-
раймын. Дүние жүзіне ең әйгілі ондай
адамдардың біреуі, — бізше — Темирлан,
Орта Азия халықтарының айтуына Те-
мір немесе Тимур, ол орысша — железно

(Жалғасы 4-бетте).

Москва мен Чехословакия өндіріс озаттарының тәжірибе алмасуы

Машина жасау жұмысшылары кәсіподағының Орталық комитетінің шақыруы бойынша Чехословак Республикасының бір топ машина жасаушылары Москвада қонақ болып жүр. Олар астананың бірсыпыра кәсіпорындарында болып, өндірістің озат тәжірибелерімен танысты.

9 сентябрьде Сталин атындағы автозаводта Москва мен Чехословакия өндіріс озаттарының кеңесі болды. Залға автомобиль жасаушылар, Орджоникидзе атындағы станок жасау зауытының, Каганович атындағы шарикоподшипник зауытының және бірсыпыра басқа кәсіпорындарының өкілдері жыйналды. Мұнда Чехословакияның бір топ өндіріс озаттары: болат балқытушы Ұлттық жыйналыстың депутаты Отакар Влак, шашпақ жұмыс істейтін токарь Ян Манцол, шлифовщик Карел Кзылинг, машина жасайтын заводтардың бірінің рационализаторлары мен жаңалық тапқыштары бюросының бастығы Владимир Алигер, эксперименталь цехының бастығы Людвик Водарек, технологтар Позеф Вогницкы мен Франтишек Илек, сонымен бірге делегация бастығы машина жасаушы жұмысшылар кәсіподағы Орталық комитетінің секретары Ярослав Вольны қатысып отыр.

Кеңесті машина жасаушы жұмысшылар кәсіподағы Орталық комитетінің председателі С. Т. Бабаянц жолдас ашты. Ол чехословак достарды қызу құттықтап, осы кеңестің мақсаты озат тәжірибе алмасу болып табылатынын атап көрсетті.

Бұдан кейін Чехословакия машина жасаушылары кәсіп одағы Орталық комитетінің секретары Ярослав Вольны сөз сөйледі.

Чехословакияның көптеген жұмысшылары, — деді ол, Совет жұмысшыларының еңбектегі озат әдістерін меңгерді. Алайда біздің өзіміздің де тәжірибелеріміз бар, олар москвалықтардың назарын аударады. Біз мұндай кеңестің шақырылуын құттықтаймыз.

Кеңесте Москва мен Чехословакияның өндіріс озаттары: Сталин атындағы автозаводтың шашпақ жұмыс істейтін токарі С. Бушуев, шлифоваль станоктары зауытының токарі П. Быков, цех бастығы Людвик Водарек және басқаралары сөз сөйледі.

Жыйналғандар Отакар Влактың сөзін ынта қойып тыңдады. Ол бұдан 10 жыл бұрын сваркалағаннан кейін тетіктер мен тораптарды жөндеудің әдісін жасады. Бұл

әдіс Чехословакияның көптеген кәсіпорындарында қолданылады, сонымен бірге ол әдіс жаңашыл болған совет заводтарында да таралуда. Влак жолдас өзінің әдісін практикаға қалай қолдану керектігін сүйсіне көрсететіндігін айтты. Күндіз көптегін кеңеске қатысушылар секцияларға бөлініп, автозавод цехтарында өз жұмыстарының әдістерін көрсетті.

Сварка секциясы жөндеу-механикалық цехта жұмыс істейді. Мұнда Отакар Влак өзінің әдісін көрсетті. Қысқа мерзім ішінде ол газ жалынымен қыздыру арқылы дөңгелек габаритті болат вал мен швеллерді жөндеп шығарды. Бұдан кейін автозаводтың газ сварщикі В. Горбунов осындай жұмысты табысты орындады. Ол осының қарсаңында чехословак жаңашылымен кездесіп, оның еңбектегі әдістерімен танысқан болатын. Мамандардың пікірі бойынша ірі тетіктерді газ жалынымен қыздыру арқылы жөндеу өте тиімді. Өйткені мұның өзі арнаулы жабдықты тілемейді, еңбекті жеңілдетеді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Токарьлар өз секцияларына жыйналды. С. Бушуев резьбаны шашпақ жасауды көрсетіп берді. Мұндай операцияларда әдеттегі қолданылатын металлды жөсу шашпақдығын ол 10 есе арттырды. Бұдан кейін станок жанына Ш. Быков келіп тұрды. Диаметрі 300 миллиметрлік шойын төптікті керамикалық пластинкалы кескішпен жөнү шашпақдығын минутына 2800 метрге жеткізіп, өңдеп шықты. Осының ізінше чехословак токарі Ян Манцол совет жаңашыларының кескіштерімен жұмыс істеп байқап көрді.

Фрезершілер секциясында Владимир Алигер чехословак жұмысшыларының фрезердің шыдамдылығын арттыруға және еңбек өнімділігін арттыруға қалай жетісетіндіктері туралы айтып берді. Автозаводтың фрезершісі А. Федин разверткалар тістерін шашпақ фрезерлеудің жолын көрсетіп берді.

Сонымен бірге шлифовщиктер, строгальщиктер, сверловщиктер секциялары да жұмыс істеді.

Секциялар жұмыстары аяқталғаннан кейін қорытынды мәжіліс болды. Ярослав Вольны кеңестің зор пайда бергендігін айтты және Москваның машина жасаушыларын Прага кәсіпорындарында болуға шақырды. (ТАСС).

Совет ауылшаруашылық делегациясының Канададан өз Отанына жүріп кетуі

ОТТАВА, 11 сентябрь. (ТАСС). Канадада екі апта қонақ болған совет ауылшаруашылық делегациясы кеше Оттавадан Нью-Йорк, Париж және Прага арқылы өз Отанына ұшып кетті.

Аэродромда делегацияны Совет Одағының Канададағы елшісі Д. С. Чувахин мен Оттавадағы совет елшілігінің қызметкерлері шығарып салды.

Аргентинадағы жағдай

БУЭНОС-АЙРЕС, 9 сентябрь. (ТАСС). Аргентина баспасөзі былай деп хабарлайды: Аргентинаның 6 миллион адамды біріктіретін жалпы еңбек конфедерациясы конституциялы және заңды түрде сайланған өкмет орындарын қорғауға арналған «халықтық милиция» отрядтарын құру туралы қарар қабылдады. Бұл шара Аргентинаның қарулы күштерінде офицерлердің реакциялық және оппозициялық элементтерімен байланысты үлкен топтың әрекет етуі мұнда белгілі болғаннан кейін қолданылды. Ал бұл топ үкметке қарсы шығуда және президенттің орнынан түсуін талап етуде. «Халықтық милиция» отрядтарын құру туралы қарардың тікелей себебі 30 августта оқиды болды, бұл күні жоғарыда аталған әскери топ Перонның орнынан түсуін талап еткен болатын. Алайда жалпы еңбек конфедерациясы бұл талапқа қарсы шығып, президенттің орнынан түсуіне жол бермеді.

СИРИЯДА ШЕТЕЛ МҰНАЙ МОНОПОЛИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЖАЛЫҚ ЕТУІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ

БЕЙРУТ, 11 сентябрь (ТАСС). Дамаскиден берілген хабарға қарағанда, онда көп адам қатысқан демонстрация болып, ол Сириядағы шетелдік мұнай компанияларына қарсы батыл жүрес ұранымен өткізілген.

Демонстрацияшылар Сирия үкметінен шетел мұнай компаниялары алатын кірістің жартысын Сирияның пайдасына бөлуге жетісуді, сөйтіп шетелдік мұнай компанияларының салық салу жөнінде басқа компаниялармен тең жағдайға қоюды талап еткен. Демонстрацияшылар сонымен бірге үкметтің бұл компаниялардың жұмыстарына бақылау жасауын және шетелдік қызметшілердің орнына арабтарды қоюын талап еткен.

ГЛАЗГО ДОНШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ АЯҚТАЛДЫ

ЛОНДОН, 10 сентябрь. (ТАСС). Ағылшын порттарының ең ірілерінің бірі — Глазгоның 3 мың 400 доншілерінің бір аптаға созылған ереуілі аяқталды. Шама-

Поляк-Совет достығының айлығы

ВАРШАВА, 9 сентябрь. (ТАСС). Поляк-Совет достығын шығайтудың дәстүрлі айлығы басталды. Елдің қалалары мен селоларында, өнеркәсіп орындары мен мәдениет үйлерінде айлықтың ашылуына арналған салтанатты мәжілістер мен көштер өткізілді.

Бүгін барлық орталық газеттер айлықтың басталуына арналған басмақалалар мен редакциялық мақалалар жариялауда. «Трибуна люду» соңғы жылдарда совет мәдениетін поляк халқының арасында кеңінен тарату ісінде елеулі табыстарға қол жетті, деп атап өтеді. 1953—1955 жылдар ішінде Польшада

орыс классиктері мен совет жазушыларының екі мыңнан астам шығармалары баспадан шықты. Олардың жалпы тиражы 32 миллион данадан асады. Осы жылдар ішінде театрлар 140-тан астам орыс және совет пьесаларын қойды.

Совет Одағымен біздің достығымызды нығайту және баянды ету, деп атап көрсеткен «Трибуна люду», бұл бейбітшілік жолындағы бүкілдүниежүзілік күреске біздің қосқан үлесіміз, бұл біздің тәуелсіздігіміздің ең жақсы кепілі, бұл герман милитаризмінің қайта тудырылуына қарсы жүрестегі біздің қаруымыз.

Польшада теміржолшылар күні

ВАРШАВА, 11 сентябрь. (ТАСС). Польшада теміржолшылар күнін атап өтті. Поляк теміржолшылары өздерінің мерекелеріне елеулі табыстармен келді. Жолаушыларды тасу жөніндегі алтыжылдық мемлекеттік жоспар мерзімінен бірнеше ай бұрын орындалды. Үстіміздегі жылы жүк тасудың көлемі 1949 жылдың дәрежесінен 70 процент асады.

Темір жолдарды электрлендіру саласында көптеген табыстарға қол жетті. Алтыжылдықтың жылдарында Варшава темір жол торабы, Гданьск-Гдыня, Вар-

шава-Пиотрков-Лодзь линиясы электрлендірілді. Халық шаруашылығында ерекше маңызы бар Варшава-Сталиноград магистралы электрлендіріліп жатыр.

Варшавада теміржолшылар күніне арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. Мәжіліске Польша бірінкен жұмысшы партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, үкмет мүшелері, транспорт озаттары қатысты. Темір жол транспортының министрі Р. Шпелецкий баяндама жасады.

Қытай И. В. Мичуриннің туғанына 100 жыл толуын атап өтуге әзірленуде

ПЕКИН, 10 сентябрь. (ТАСС). Қытай жұртшылығы табиғатты өзгертуші И. В. Мичуриннің туғанына 27 октябрьде 100 жыл толуын атап өтуге әзірленуде.

ТАСС-тың тілшісіне берген хабарға қарағанда, бұл атап өтуді өткізу үшін ҚХР Ғылым академиясының жанында Ғылым академиясының вице-президенті Чжу Кэ-чэн бастаған арнаулы өзірлік комиссиясы құрылды. Бұл комиссия аса көрнекті совет биологінің өмірі мен творчествосына арналған ғылыми конференция шақыруды белгіледі. Конференцияда Мичурин ілімін Қытайда қолдаудың табыстары туралы Ғылым академиясының мүшелері, елдің ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінің қызметкерлері баяндамалар жасайды. Сонымен бірге конференцияға совет ғалымдары мен мамандары қатысады.

Мичурин ілімі Қытайда барған сайын кеңінен таралуда. Мичурин ілімімен қаруландырылған қытай ғалымдары жоғары өнім

беретін дақылдардың жаңа сорттарын енгізу жөніндегі бірсыпыра практикалық міндеттерді шешуді батыл қолға алады. Мәселен, соңғы жылдар ішінде қытай мамандары Египеттің ұзын талшықты мақтасын жергілікті сорпшен бұдандастыру арқылы мақтаның жаңа сортын енгізу үстінде жұмыс істеуде. Бұдандастыру нәтижесінде алынған жаңа сорт өзінің сапасы бойынша Египет мақтасына жақын келеді, қысқа мерзімде жетіліп шығады. Мичурин ілімінің принциптері ауыл шаруашылығының басқа да салаларында қолданылуда. Ұлы табиғатты өзгертуші И. В. Мичуриннің өмірі мен қызметі туралы кітаптар мен кітапшалар ҚХР-да көптеген тираждармен басылып шығуда.

Мичуриннің туғанына 100 жыл толуына арналған конференциялар, сол сияқты қытайдың бірсыпыра ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінде өткізілетін болады.

Индиядағы су тасқыны

ДЕЛИ, 11 сентябрь. (ТАСС). Индия жіберілуде Индия үкметі тасқындардан

СПОРТ

2:1 есебімен

Өткен жексенбіде «Динамо» стадионында футбол ойынынан қалаларлық тағы да бір кездесу болып өтті. Петропавл қаласының құрама командасы көршілес Көкшетау қаласының құрама командасын қабылдады.

Ойынды алаң иелері бастағанмен өңсәтте допқа ие болған Көкшетау футболшылары дереу шабуылға шықты. Қатты шабуыл жасаған олардың алғашқы бес минуттың ішінде алаң иелерінің қақпасына екі рет доп өткізіп жіберуге мүмкіншіліктері толық болған еді. Петропавлдықтарды сақтал қалған қонақтар шабуылшыларының қақпаға доп ұруды көшіктіріп алуы, әсіресе оң жақ қанаттары 7 номерлі ойыншының дұрыс ойнай алмауы болды.

Ойынның алғашқы он бес минут уақыты өткенде алаң иелері қарсы шабуыл жасап, қақпаға доп ұрды. Қатты ұрылған доп қақпаның қолына тиді де, қақпа сызығынан асып түсті. Сөйтіп алаң иелері бұрыштан доп соғуға право алды. Ал бұрыштан қақпаның ұзына бойына көлденең қуалата соғылған доп еңалдымен қақпаның жоғарғы арқалығына тиді де, тайып барып торға оралып түсті. Петропавлдықтар есеп ашты.

Бұдан кейін екі жақ та кезек шабуыл жасап отырды. Көкшетаулықтар ойынның бірінші таймы аяқталмай тұрып есепті тегеуге ұмтылып бар күштерін жұмылдырғанмен көпке дейін нәтижеге ие бола алмады. Ойынды көрушілер бірінші тайм осылай өзгеріссіз өтер деп күткен еді, бірақ қонақтардың ең соңғы күшті шабуылы алаң иелерін қатты есартырды. Жергілікті команданың үшінші номерлі орталық қорғаушысы сасқалақтап қақпа алдында допты қолымен қағып жіберді. Бұл ойын тәртібін бұзу болып табылады. Ойын төрешісі қонақтарға 11 метр жәрден алаң иелерінің қақпасына доп ұруға рұқсат етті. Қонақтардың онбірінші номерлі ойыншысы қақпаға допты дәл ұрып өткізгенде бірінші таймның аяқталуына 15-ақ секунд қалған еді.

Сөйтіп бірінші тайм 1:1 есебімен тең аяқталып, спортшылар 15 минут дем алу үшін алаңнан өтті.

Екінші таймда ойын қарқыны едәуір бәсеңсеп қалды. Көкшетаулықтар бірінші таймдағыдай қарқын көрсете алған жоқ. Ал алаң иелері 17 минуттан соң ұпай санын 2:1-ге жеткізгеннен кейін-ақ қонақтар мүлдем допты қалай болса солай теуіп, берекесіз ойнады. Бұл алаң иелерінің инициативаны өз қолдарына мүлдем алуына жағдай жасады. Алаң иелері үсті-үстіне шабуыл жасап, қарсы жақтың қақпасына хауіп төндірумен болды. Дегенмен есепті өсіре алмады. Сөйтіп 2:1 есебімен Петропавл қаласы

Дания ауылшаруашылық делегациясының Москваға келуі

Дания ауылшаруашылық делегациясы 10 сентябрьде Москваға келді. Оны

арқылы бүкіл Дания халқының жымышаймен құттықтады.

бастап келді. Делегацияның құрамында 16 адам: елдің ауыл шаруашылығының басты қызметкерлері, фермерлер бар.

Ленинград вокзалында келгендерді СССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары А. И. Бовин мен СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты қызметкерлері қарсы алды. Делегацияны сонымен бірге Данияның СССР-дағы Төтенше Елші Еллисі және Полномочиялы министрі А. Мерк пен елшіліктің қызметкерлері қарсы алды.

А. И. Бовин қонақтарды және олар

Данияның басшысы Данияның ауыл шаруашылығы министрі И. Смерум өз атынан және делегацияның барлық мүшелері атынан делегацияға көрсетілген шын пейілді қабылдау үшін шын жүректен алғыс айтты. «Біздің біріміз де Совет Одағында бірінші рет болып отырмыз, — деді ол, — сондықтан бұл сапар біз үшін үлкен қуаныш».

Сол күні Данияның ауыл шаруашылығы делегациясын СССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары П. С. Кучумов қабылдады.

(ТАСС).

дирген докшілер, өздерінің талаптарын көсіп иелерінің қанағаттандыруына жетіскеннен кейін жұмысқа қайтып оралуға ұйғарды.

УРУГВАЙ МЕТАЛЛУРГТЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

МОНТЕВИДЕО, 10 сентябрь. (ТАСС). Уругвайда 65 күн бойына ереуіл көтеріп жатқан «Ферросмалы» металлургия заводы жұмысшыларына ынтымақ ретінде металлургтардың жалпы ереуілі басталды. Ереуіл белгісіз мерзімге жарияланды.

информациялық бюросының хабарлауы бойынша, Хулжанг ауданын (Орисса штаты) қайтадан су тасқыны басқан. Құтқару операциялары жүргізілуде. 10 сентябрьде Индия соғыс-әуе күштерінің самолеттері тасқын құрбандығы болғандарға азық-түлік тастады. Құтқару қайықтары мен радиокондырғылары бар саперлер тасқын алып кеткен аудандарға

шекпендер үшін тезарада арнаулы лагер ашуды ұсынды.

Штаттағы барлық оқу орындарының студенттері құтқару жұмыстарымен шұғылдануда. Мемлекеттік және жеке меншікті ұйымдар 100-ден астам пункттерде көмек көрсету жөніндегі орталықтар ашты.

жеңіске жетті.

М. АХМЕТОВ.

Елімізде футболдан бірінші орын алу үшін

Москвада орталық «Динамо» стадионында 9 сентябрьде «А» тобындағы командалардың арасында елімізде футболдан бірінші орын алу жарысының кезекті кездесуі болды. Астананың «Торпедо» командасы Тбилиси динамошыларымен кездесті. Жарыс 1:1 есебінде тең аяқталды.

Көзір елімізде футболдан бірінші орын алу жарысында 20 кездесуде 32 ұпай жыйнаған Москва динамошылары бірінші орында келеді. Москваның екі командасы — «Спартак» және Совет Армиясы Орталық Үйінің командалары 20 ойыннан кейін 29-дан ұпай алды. Төртінші орында «Локомотив» командасы (Москва). Оның 20 кездесуден кейін 23 ұпайы бар. Бесінші орында Москва торпедшылары, олар 19 ойынан 22 ұпай жыйнады.

(ТАСС).



(Жалғасы).

деген сөз. Титулы хан бола тұра бұл адамның қол басшылық талантын дүние жүзі де, мен де жоғары бағалаймыз. Ендеше оның атын қою — нәрестеге зор құрмет. Бұл бір дәлелім.

—Бұл күшті дәлел! — десті әркімдер.

—Екінші дәлелім — мен өзім де Тимрюк қаласында туған екем, баламның туу сәті де осында түсті. Тимрюктің де негізі «Тимур» деген сөз. Туған жерін әркім де жақсы көреді. Мен де туған қаламды жақсы көрем. Сондықтан да баламның атын Тимур қоюға ойлаймын.

зеттерге мақалалар жазылды.

Ауыр қазаға қабырғасы қайыса қыйналумен қатар, Анна Мироновна өз тағдырынан көрі, сол кезде он бір жас толып, он екіге шыққан баласының тағдырын көбірек қайғырды. Бала әкесін аса жақсы көруші еді. Сондықтан да, соғыс басталғанға дейін үш класты түгелімен «отлично» ра бітірген Тимур, әкеден айырылып, Арзамасқа келгеннен кейін «4» пен «3» ке оқый бастады. Бұның себебі — әкесінің тағдырын қайғырудан өкенін шешесі баласының сөзінен білді. Өйткені Тимурдың күн сайын сабақтан шеле шешесінен бірінші сұрайтыны — «көкемнен не хабар бар?»

белгісі оқуы боп, «3» тен түгел айырылды, «4» ті де жүре келе азайтып, «5»-ті көбейте бастады.

Бұрын ол балдарын әкесіне көбірек көрсетуді жақсы көретін еді. Егер өзі сұрамаса, шешесіне анда-санда ғана көрсететін. Енді, әкеден айырылған соң, шешесін әрі әке, әрі шеше көрген Тимур балдарының бәрін оған көрсетіп, жақсы балын мақтан ғып айтты.

Тимурдың бұл мақтаны — мақтаншақтығынан емес еді. Әуелі ол шешесін әкесінің өліміне өзінен артық қайғырады деп аяды. Одан кейін, өлім күйігі суына келе, ақылды бала шешесінің болашағын да ойлай бастады.

«Жас адам, — деп ойлады ол. — Жасы быйыл отыз үште. Ері жоқ. Менен басқа ермегі жоқ. Егер мен ренжітсем, мұның күні не болады».

Осы санамен ол шешесінің әрдайым көңілін табуға, оны ешуақытта ренжітпеге тырысты.

Афганстан-Пакистан қатынастары жайында

БАРАЧИ, 10 сентябрь. (ТАСС). Газеттерде үкмет мазмұндамасы жарияланған, онда былай да інген: Пакистанның Афганстандағы елшісі мен Афганстан сыртқы істер министрінің арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде екі үкмет

екі елдің арасындағы қатынастарды реттеу жөнінде келісімге келді.

Франс-Пресс агенттігінің хабарларына сүйеніп, газеттер екі ел таяу уақытта оңды дипломатиялық және сауда қатынастарын қайтадан бастайтын болады деп атап көрсетуде.

Италияда американ әскерлерін орналастыру жайында

ПАРИЖ, 11 сентябрь. (ТАСС). Франс-Пресс агенттігі былай деп хабарлайды: жаңадан қарулы күштер тобы құрылды, ол Солтүстік-атлантикалық одақтың Европадағы қарулы күштерінің команданысы

на бағынатын болады. Бұл топ Солтүстік Италияда орналастырылады. Оның құрамында 5 мыңға жуық солдат бар, олар негізінен Австриядан өкелтілген американ қарулы күштерінің солдаттары.

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ БӨЛІМШЕСІ

облыс экрандарында

—Бұл да мықты дәлел! — десті жұрт.

—Үшінші дәлелім — ата-анасы балаға жақсы атты — жақсы болсын деген тілекпен қояды. Мен де, әрине баламның темірдей берік болуын тілеймін!

—Үшеуі де мықты дәлел! — деп ду ете түсті жұрт.

Шешесінен сұрап еді, ерінің сөзін мақұлдады. Сонымен, баланың куәлігіне «Тимур» деген ат жазылды.

Әке-шешесі «Тимуша» атап кеткен бала бес жасқа толғанда Тимофей Терентьевич Москвада Фрунзе атындағы соғыс-саяси академиясына оқуға барды. 1939 жылы академияны бітірген ол, 7 майда Советтік Армияның басшы қызметкерлеріне генералдық ат берілгенде, генерал-лейтенанттардың тізіміне кірді.

Ұлы Отан соғысы басталып, жаудың самолеті Тимрюкті де бомбалауға айналғанда, Тимофей Терентьевич әйелі мен баласын тылға көшірді. Артынан хат алса, олар Арзамас қаласына барып орнығыпты.

Сембасын тылға көшірген Тимофей Терентьевич оларды қайтып көре алған жоқ, ол 1941 жылдың декабрінде, Керчь жарты аралында болған қатты соғыста қаза тапты. Оның ерлік өлімі туралы га-

Әкесінің өлген хабарын газеттен оқыған күні Тимур талып қалды. Және ол үйінде емес, мектепте талды. Оқуға таңертең торызда баратын ол, бірінші демалыста кластас балаларымен ойнап тысқа шықса, есік алдындағы киоскіде өдеттегі қалыпша газеттер сатылып жатыр екен. Өзге балалармен бірге, сатылып жатқан газетті қарау, кейіннен іші-сырғын ашып көру Тимурдің де дағдысы еді. Сол дағдымен ол «Известия» газетінің төртінші бетіне қараса әкесінің қара жақтаумен қоршаған әскери портреттері түрі! Жүрегі тас-төбесіне шыға келген бала төменде жазылған сөздерге көзін жүгіртті де, «папа!» деп еңіреп қоя берді. Әлдекімдер оны ұстай алды, ол талықсыз кетті...

Жедел жәрдем шақырылып больницаға түскен баласының хабарын естіген шешесі бұны үстеме қаза көріп, бойына әлсіз күшті әрең жыйнап барса, баласы есін жыйнаған екен. Кескіні-кейлі кетіп қалған шешесін көргенде аяп кеткен бала, ойда жоқта жұбату сөздер айтты.

—Енді, берік болайық, мама! — деп бітірді ол сөзін.

Бала шынында тез бекініп алды. Соның

Дін кітаптарында айтатын еді: адам топырақтан жаралып, оған жан берілердің алдында қасына шайтан мен періште келіпті дейді, сонда періште тұрып, «бұның негізі топырақтан жаралды, ол асыл зат, аяғын соған басқан бұны ешкім азғыра алмайды» десе, шайтан адамды қарына шертіп көріп, «іші қуыс екен, ретін тапса, азғырылмай қоймайды» деген екен дейді...

(Жалғасы бар).

«Су жұлдыздары»

деген жаңа көркемсуретті фильм көрсете бастайды.

Фильмді «Венфильм» және «Новафильм» (Австрия) 1955 жылы жасап шығарған.



Киноларда

«ОКтябрь» кинотеатрында

«ЖАҢАДАН ҚОНЫСТАНУ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

ТҮПКІЛІКТІ ЖҰМЫСҚА

қызметші керек.

Жеке басты адам пәтер үймен қамтамасыз етіледі.

Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 47-а, 7-пәтер. Телефон 8—03.

Облыстық тұтынушылар одағының универсалды базасына түпкілікті жұмысқа жүк тиеушілер, ағаш шеберлері, штукатурлар және жол салушы жұмысшылар керек. Еңбекақы смета бойынша төленеді. Жұмысшылар арнаулы жұмыс киімімен қамтамсыз етіледі.

Сол сыяқты мұнда секретарь-машинистка керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде қалалық соғыс комиссариаты жанындағы облыстық тұтынушылар одағының универсалды базасына келіп немесе 7—93 телефон арқылы түсінік алуға болады.